# Иман әлсіздігінің белгілері


Иман әлсіздігінің белгілері

Кіріспе

Бірінші: Иман әлсіздігінің белгілері

Екінші: Иманның әлсіреп кетуінің себеп-салдары

Үшінші: Иман әлсіздігін емдеу

شركاء التنفيذ:

دار الإسلام　جمعية الربوة　رواد الترجمة　المحتوى الإسلامي

يتاح طباعة هذا الإصدار ونشره بأي وسيلة مع
الالتزام بالإشارة إلى المصدر وعدم التغيير في النص.

Telephone: +966114454900
ceo@rabwah.sa
P.O.BOX: 29465
RIYADH: 11557
www.islamhouse.com

Мұсылман адам жақсы амалдардың ішінде мыналарды ескерген жөн:

# Кіріспе

Ақиқатында, барлық мақтау Аллаһ Тағалаға ғана тән! Біз Одан ғана көмек сұрап, күнәларымызды кешіріп, бізді тура жолға салуын сұраймыз.Сондай-ақ, біз өз нәпсіміздің және іс-әрекеттеріміздің кесірінен Аллаһқа сиынамыз.Аллаһ Тағала кімді тура жолға салса, оны ешкім де адастыра алмайды. Ал енді кімді адастырса, оны ешкім де тура жолға сала алмайды.Ешқандай серігі жоқ, бір Аллаһтан басқа, (құлшылық етуге лайықты) ешбір құдай жоқ екендігіне және Мұхаммед Аллаһ Тағаланың құлы, әрі Оның елшісі екендігіне куәлік беремін.

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ حَقَّ تُقَاتِهِۦ وَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنتُم مُّسۡلِمُونَ ١٠٢﴾ [آل عمران: 102]

**«Әй, мүміндер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да мұсылман болған күйде ғана өліңдер»(Әли Имран, 102).**

﴿يَٰٓأَيُّهَا ٱلنَّاسُ ٱتَّقُواْ رَبَّكُمُ ٱلَّذِي خَلَقَكُم مِّن نَّفۡسٖ وَٰحِدَةٖ وَخَلَقَ مِنۡهَا زَوۡجَهَا وَبَثَّ مِنۡهُمَا رِجَالٗا كَثِيرٗا وَنِسَآءٗۚ وَٱتَّقُواْ ٱللَّهَ ٱلَّذِي تَسَآءَلُونَ بِهِۦ وَٱلۡأَرۡحَامَۚ إِنَّ ٱللَّهَ كَانَ عَلَيۡكُمۡ رَقِيبٗا ١﴾ [النساء: 1]

**«Әй, адамдар! Сендерді бір кісіден жаратқан және одан оның жұбайын жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді жаратқан Раббыларыңнан қорқыңдар»(Ниса, 1).**

﴿يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ وَقُولُواْ قَوۡلٗا سَدِيدٗا ٧٠ يُصۡلِحۡ لَكُمۡ أَعۡمَٰلَكُمۡ وَيَغۡفِرۡ لَكُمۡ ذُنُوبَكُمۡۗ وَمَن يُطِعِ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥ فَقَدۡ فَازَ فَوۡزًا عَظِيمًا ٧١﴾ [الأحزاب: 70-71]

**«Әй, мүміндер! Аллаһтан қорқыңдар да, дұрыс сөз сөйлеңдер. Аллаһ істеріңді оңалтып, күнәларыңды жарылқайды. Сондай-ақ, кімде-кім Аллаһқа және Оның елшісіне бойсұнса, әрине ол ұлы табысқа ие болады»(Ахзаб, 70-71).**

Сонан кейін:

Ақиқатында иман әлсіздігінің көрінісі мұсылмандар арасында кең етек алған мәселелердің бірі болып отыр.Міне, сондықтан көптеген мұсылмандар имандарының әлсіреуіне шағымданып, мынандай

сөздерді көп айтатын болды:«менің жүрегім қарайып бара жатқандай»«ғибадаттардың ләззатін сезбеймін»«иманым азайып бара жатқан секілді»«Құранның оқылуынан ешбір әсерленбей барамын»«күнәларды істеу мен үшін оңай болып қалды»Бұл мұсылманның дертке шалдығуының бастауы. Ал, бұл иман әлсіздігі дерті – әрбір күнәнің негізі, харамдық пен Аллаһқа бойсұнбаушылықтың түп-тамыры. Мұның негізгі себебі өзімізде және бұл адамның бәле-жалаға, бақытсыздыққа душар болуына алып келеді.

Жүрек мәселесі – өте маңызды тақырып. Жүректі араб тілінде «қалб» деп атайды. Араб тіліндегі «қалб» сөзі – айналу, ауысу, тез өзгеру, әрдайым құбылып тұрушы деген мағыналарды да өз ішіне қамтиды.

Осыған қатысты Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: **«Жүрек әрдайым ауысып, өзгеріп тұратындықтан қалб деп аталынды. Шын мәнінде жүректің мысалы талдың төбесіндегі ілініп тұрған қауырсын секілді. Жел оны ішкі бетінен сыртқы бетіне төңкеріп тұрады»** Хадисті Ахмад (4/408) риуаят етті.

Ол "Сахих әл-Жамиъ" кітабында да бар (2364).

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында: **«Жүректің мысалы жел ішкі бетін сыртқы бетіне төңкеріп тұратын жерде жатқан бір қауырсын тәрізді»Ибн Әбу Асим "Китәбус-сунна" кітабында (нөмірі: 227)** сенімді иснәдпен риуаят еткен. Және әл-Әлбанидің **"Зыляль әл-Жәннә фи тахриж әс-Сунна"** атты кітабында нөмірі: 1/102.Жүрек Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сипаттағандай өте жылдам өзгеріп тұрады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тағы бір хадисінде: **«Адам баласының жүрегінің құбылуы қазанда қатты қайнаған нәрсенің ары-бері аударылып-төңкерілуінен де тезірек»** Жоғарыда айтылған кітапта нөмірі: 226. Иснәді сенімді : **"Зиляль әл-Жәннә",** 1/102.Бұл хадистің басқа бір нұсқасында: **«Адам баласының жүрегінің құбылуы қазанда қатты қайнаған нәрсенің ары-бері аударылып-төңкерілуінен де қаттырақ»** Хадисті Ахмад (6/4) риуаят етті; бұл хадис "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (5147) келтіріледі.Аллаһ жүректерді өзгертіп, құбылтушы, Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас риуаят еткен мына бір хадисінде айтылғандай : **«Бірде Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі**

**болсын) былай дұға жасағанын естідім:«Адам балаларының жүректерінің барлығы аса Мейірімдінің саусақтарының екі саусағының арасында бір жүректей болып тұрады. Ол оны қалағанынша өзгертеді»**"Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) одан кейін былай деді: **«Ей, жүректерді өзгертіп, құбылтып тұрушы Аллаһ! Біздің жүректерімізді Өзіңе бойсындыр!»** Хадисті Муслим риуаят етті (нөмірі: 2654)

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱسۡتَجِيبُواْ لِلَّهِ وَلِلرَّسُولِ إِذَا دَعَاكُمۡ لِمَا يُحۡيِيكُمۡۖ وَٱعۡلَمُوٓاْ أَنَّ ٱللَّهَ يَحُولُ بَيۡنَ ٱلۡمَرۡءِ وَقَلۡبِهِۦ وَأَنَّهُۥٓ إِلَيۡهِ تُحۡشَرُونَ ٢٤﴾ [الأنفال: 24]

**«Аллаһ кісі мен оның жүрегінің арасына араласады» (Әнфәл, 24).**

Қиямет күні

﴿قَالَ لَئِنِ ٱتَّخَذۡتَ إِلَٰهًا غَيۡرِي لَأَجۡعَلَنَّكَ مِنَ ٱلۡمَسۡجُونِينَ ٢٩﴾ [الشعراء: 29]

**«...кімде-кім Аллаһқа сау жүрекпен келсе ғана» (Шуғара, 89)** құтылады. Ал, өкініш

﴿أَفَمَن شَرَحَ ٱللَّهُ صَدۡرَهُۥ لِلۡإِسۡلَٰمِ فَهُوَ عَلَىٰ نُورٖ مِّن رَّبِّهِۦۚ فَوَيۡلٞ لِّلۡقَٰسِيَةِ قُلُوبُهُم مِّن ذِكۡرِ ٱللَّهِۚ أُوْلَٰٓئِكَ فِي ضَلَٰلٖ مُّبِينٍ ٢٢﴾ [الزمر: 22]

**«...жүректері Аллаһты еске алудан қатайғандарға...» (Зүмәр, 22)** және

﴿مَّنۡ خَشِيَ ٱلرَّحۡمَٰنَ بِٱلۡغَيۡبِ وَجَآءَ بِقَلۡبٖ مُّنِيبٍ ٣٣﴾ [ق: 33]

**«...кімде-кім көрместен аса Мейірімдіден қорықса, бейім жүрекпен келсе» (Қаф, 33)**

міне, соларға жәннәт уәде етілді дей келе, Аллаһ Тағала бізге жүректің қарайып, құлыптанып, мөрленіп, соқыр болып қалуынан сақтануға және сенім дерті ұлғаймас бұрын оны емдеуді қолға алу керектігін ескертеді.

Бұл еңбекте иман әлсіздігі белгілерімен таныстырып, оның себептері мен одан арылу жолдарын көрсетуге тырысамыз. Осы кітапшаның алдымен өзіме және мұсылман бауырларыма пайдалы болуын Аллаһтан сұраймын. Сондай-ақ, бұл кітапты шығаруға өз үлестерін қосқандарға да Аллаһ Тағаланың Өзі мол сый берсін! Біздің жүректерімізді жұмсартып, тура жолға бастаушы бүкіл кемшіліктен пәк Аллаһ Тағала ғана.

# Біріншіден: Иман әлсіздігінің белгілері

Негізінде иман әлсіздігінің өзіндік көптеген белгілері бар. Олардың кейбірі:

**Күнәлі іс-әрекеттерді орындау және Аллаһ Тағаланың тыйым салған харам нәрселерін істеу.**

Күнә істеуші жанжардың арасында күнәні жасап және оны саналы түрде қайталай беретіндер немесе күнәнің басқа да түрлерін жасайтындар болады. Расында күнәлі іс-әрекеттерді көптеп орындау сол күнәлі іс-әрекеттерді үйреншікті әдетке айналдырып, адам бойындағы күнәлі іс-әрекетке деген жиреніштен бірте-бірте айырады. Соның нәтижесінде пенде өзінің жасаған күнәларын ашықтан-ашық жария етуге дейін барады. Осылайша ол мына хадистің үкіміне кіреді: **«Жариялаушылардан басқа үмметімнің барлығының күнәлары кешіріледі. Негізінде жариялау – кісінің түнде бір күнә жасап, ал Аллаһ оны жасырып қойғанынан кейін, таң атқанда: «Мен кеше былай істедім», - деп айтуы. Ол кісі ұйықтағанда Раббысы оның істеген күнәсін жасырып қойған еді, ал ол болса таң ата**

**Раббысының жауып қойған пердесін өзі ашады»** Хадисті әл-Бұхари риуаят етті ("Фәтх", 10/486).

**Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – жүректің қатайғаны мен қараюын сезу.**

Кісі жүрегінің тас секілді қатып, еш нәрседен әсерленбеуі. Бұл жайында Аллаһ Тағала:

﴿ثُمَّ قَسَتۡ قُلُوبُكُم مِّنۢ بَعۡدِ ذَٰلِكَ فَهِيَ كَٱلۡحِجَارَةِ أَوۡ أَشَدُّ قَسۡوَةٗۚ وَإِنَّ مِنَ ٱلۡحِجَارَةِ لَمَا يَتَفَجَّرُ مِنۡهُ ٱلۡأَنۡهَٰرُۚ وَإِنَّ مِنۡهَا لَمَا يَشَّقَّقُ فَيَخۡرُجُ مِنۡهُ ٱلۡمَآءُۚ وَإِنَّ مِنۡهَا لَمَا يَهۡبِطُ مِنۡ خَشۡيَةِ ٱللَّهِۗ وَمَا ٱللَّهُ بِغَٰفِلٍ عَمَّا تَعۡمَلُونَ ٧٤﴾ [البقرة: 74]

**«Және содан кейін де жүректерің қатайып, тастай немесе одан да қаттырақ болды»** (Бақара сүресі, 74 аят).

Расында өлім жайлы айтылған уағыз, үгіт-насихаттар немесе мәйіттерді көзбен көру де қарайып, мейірімсізденіп кеткен жүрек иелеріне еш әсер етпейді. Тіпті жаназа намаздарына қатысып, мәйітті иығына салып көтерсе де, қабірін қазып оны жерлесе де одан әсерленбейді. Мұндай кісілер бейіттердің арасында жүрсе де құр тастардың арасында жүргендей еш әсерленбейді, өлім жайлы бір сәт ой жүгіртпейді.

**Келесі көрінісі ғибадаттарды толық орындамау.**

Яғни, намаз, Құран, тағы басқа дұғалар оқылғанда олардың мән-мағынасына зейін қоймау. Таңертең-кешке оқылатын дұғалардың мағыналарына көңіл аудармай әрдайым, оларды үйреншікті, құр жаттап алғандай оқуы. Ал егер арнайы бір дұғаларды айтып үйреніп қалған болса, оларды оқығанда есінеп ұйқысының келуі. Себебі, ол өзі оқып жатқан дұғаларының мән-мағынасы жайында ой жүгіртпейді. Аллаһ Тағала құдси хадисінде былай деген: **«...немқұрайлы, салғырт жүректен шыққан дұға қабыл етілмейді»** Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 3479) риуаят етті. "әс-Сильсиля әс-сахиха" деген кітапта да бар (549).

**Иман әліздігінің көріністерінің бірі – ғибадаттарды орындауда еріншектік, жалқаулық танытып, бірте-бірте оларды орындамай қою.**

Кей адамдардың құлшылық-ғибадаттары, іс-әрекеттері ықылассыз болады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде екі жүзділерді былай деп баян етеді:

﴿إِنَّ ٱلۡمُنَٰفِقِينَ يُخَٰدِعُونَ ٱللَّهَ وَهُوَ خَٰدِعُهُمۡ وَإِذَا قَامُوٓاْ إِلَى ٱلصَّلَوٰةِ قَامُواْ كُسَالَىٰ يُرَآءُونَ ٱلنَّاسَ وَلَا يَذۡكُرُونَ ٱللَّهَ إِلَّا قَلِيلٗا ١٤٢﴾ [النساء: 142]

**«Егер олар намазға тұрса, жалқауланып тұрады»(Ниса сүресі, 142 аят)**

Бұған қоса құлшылық-ғибадаттың уақыттары мен ізгі амалдардың көптеп жасалуына немқұрайлы қарау пенденің сауап жиюға қызықпайтындығын көрсетеді. Мысалы, жағдайы бола тұрып қажылық міндетін кейінге қалдырады немесе жамағат намаздарына кешігеді. Бірте-бірте жұма намазына да кешіге бастайды.

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: **«Қандай да бір қауым алғашқы қатардан кешіге береді кейін оларды Аллаһ Тағала тозаққа тастайды»** Хадисті Әду Дәуіт (нөмірі: 679) рияуат етті. Ол "Сахих әт-Тарғиб" кітабында да бар (нөмірі: 510).Мұндай адамдар парыз намазына ұйықтап қалса яки сүннет амалдарды немесе күнделікті оқитын Құран бөлігін оқуды өткізіп алса олардың орнын толтыру былай тұрсын, тіпті ұялу, ыңғайсыздану, өкіну сезімдері де болмайды. Дәл осындай жағдай парызы-кифаяға да қатысты. Тіпті олар кейбір ғалымдардың шешімі бойынша міндетті саналатын уәжіп амалдарына жататын айт намаздарына да қатыспауы мүмкін. Сондай-ақ күн

немесе ай тұтылған кезде оқылатын намаздарға, жаназа намаздарына қатысуға да көңіл бөле бермейді. Мұндай адамдар сауапты іске салғырт, немқұрайлы қарайды. Осылайша олар Аллаһ Тағаланың мына аятта сипаттаған адамдардың қатарынан алыс болады:

﴿فَٱسۡتَجَبۡنَا لَهُۥ وَوَهَبۡنَا لَهُۥ يَحۡيَىٰ وَأَصۡلَحۡنَا لَهُۥ زَوۡجَهُۥٓۚ إِنَّهُمۡ كَانُواْ يُسَٰرِعُونَ فِي ٱلۡخَيۡرَٰتِ وَيَدۡعُونَنَا رَغَبٗا وَرَهَبٗاۖ وَكَانُواْ لَنَا خَٰشِعِينَ ٩٠﴾ [الأنبياء: 90]

**«Ақиқатында олар игі істерді орындауда жарысатын, әрі қызығу және қорқумен Бізге дұға етіп, жалбарынатын. Және олар Бізге шын көңілден бәйек болады»(Әнбия сүресі, 90 аят).**

Бұларға қоса иман әлсіздігінің тағат-ғибадаттардағы көріністерінің бірі сүннет, нәпіл амалдарға, түнгі намазды орындауда жалқаулық танытуы. Мешітке ерте бармаумен қоса, ол адам дұха намазы, екі ракағат тәубе және истихара намаздарының қаншалықты абзал екендігін жете түсіне бермейді.

**Мұндай кісілер өздерінің үстінде ауыр бір жүкті арқалап жүргендей сезінеді.**

Олар тез тітіркеніп, арзымайтын нәрсеге де ашуланғыш келеді. Айналасындағы адамдардан

қысылып, жаны тыныштық таппайды.Сүйікті Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), иманды былай сипаттады: **«Иман дегеніміз сабырлылық пен жан тыныштығы»**"әс-Сильсилә әс-Сахиха" (нөмірі: 2/86, 554).

Ал мүмін адамды: **«Жақсы көреді де, жақсы көрінеді. Ал өзі жақсы көрмей, әрі оны жақсы көрмеген адамда қайыр болмайды»,** - деп сипаттаған.

"әс-Сильсилә әс-Сахиха" (нөмірі: 427).

**Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – Құран аяттарынан әсерленбеу.**

Яғни, Аллаһтың уәдесінен де қорқытуынан да, бұйырғанынан да қайтарғанынан да, қиямет күнін сипаттағанынан да әсер алмауы. Иман әлсіздігі адамды Құран тыңдаудан да жалықтыруға әкеледі. Тіпті иманы әлсіреген сайын Құранның оқылуына оның нәпсісі бой бермейді. Қашан құранды ашып қолына алса, оны тездетіп жабуға асығады.

**Келесі бір көрінісі – Аллаһты еске алуда және Оған дұға-тілек жасауда немқұрайлылық**

таныту Иманы әлсіз адам үшін Аллаһты еске алу қиынға соғады. Егер екі қолын дұға-тілекке жайса, тездетіп түсіруге асығады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деп екі жүзді мунафықтарды сипаттайды:

﴿إِنَّ ٱلۡمُنَٰفِقِينَ يُخَٰدِعُونَ ٱللَّهَ وَهُوَ خَٰدِعُهُمۡ وَإِذَا قَامُوٓاْ إِلَى ٱلصَّلَوٰةِ قَامُواْ كُسَالَىٰ يُرَآءُونَ ٱلنَّاسَ وَلَا يَذۡكُرُونَ ٱللَّهَ إِلَّا قَلِيلٗا ١٤٢﴾ [النساء: 142]

**«Олар Аллаһты аз ғана еске алады»(Ниса сүресі, 142 аят)**

**Иман әлсіздігінің көріністерінің бірі – Аллаһтың тиым салған, харам етекендері жасалып жатқанда ашуланбау.**

Өйткені жүректегі ар-намыс, қызғаныш оты өшіп қалған. Дене мүшелері жамандықтың кесірінен істен шыққан. Сондықтан мұндай адам досын жақсылық жасауға бұйырып, жамандықтан қайтармайды. Аллаһтың разылығы үшін оның жүзі өзгермейді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осындай әлсіздікке душар болғандар жайлы сахих хадистерінің бірінде былай сипаттайды: **Жүректерде қараңғылық темірге тот басқандай біртіндеп көріне бастайды. Қандай да бір жүрекке қараңғылық толығымен кіретін болса, онда бір**

**қара нүкте пайда болады. Қара ала (ақ түске қара араласқан) құмыра секілді қисық, жақсылықты танымайтын, жамандықты қайтармайтын, тек қана өзінің қалағанын білетін болады»** Хадисті Муслим риуаят етті (нөмірі: 144)

Мұндай жағдай адам бойындағы жақсы іс-әрекеттерді сүю мен жаман қылықтарды жек көру қасиетін жойып, оның ұғымында жақсы-жаман теңесіп, екеуі бірдей болып кетеді. Міне, осыдан кейін ол адамды жақсылыққа бұйыруға немесе жамандықтан қайтаруға не итермелейді дейсің?

Ондай адам жер бетінде болып жатқан жамандықты есітіп оған риза болуы мүмкін. Сол себепті, ол сол істі көрген кісінің күнәсіндей күнәні өз мойнына жүктеп алады. Себебі Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахих хадистерінің бірінде деген: **«Жер бетінде қандайда бір күнә жасалса, оны көріп жиіркенген адам оны көрмегендей болады. Ал, көрместен риза болған адам оны көргендей болады»** Хадисті Әбу Дәуіт (нөмірі: 4345) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиғ" кітабында (нөмірі: 689).

Расында риза болу – жүректің ісі. Сондықтан жаман іс-әрекеттің орындалып жатқанын өз көзімен көріп, оған разы болған адаммен оны көрмей тұрып разы болған адамның күнә дәрежесі тең болады.

**Иман әлсіздігінің белгілерінің тағы бірі – көпшіліктің назарына ілігіп қалуды ұнату:**

Басшы болуға ел билеуге талпынғанда оның жауапкершілігі мен қауіп-қатерлі тұстарын ойламау.Сүйікті Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұны ескерткен болатын: **«Шын мәнінде сендер басшылыққа ұмтыласыңдар. Бірақ ол қиямет күні өкініш болады. Біріншісі неткен жақсы. Ал, екіншісі неткен жаман»** Себебі, біріншісінде мал-мүлік, дүние, байлық абырой-бедел, ләззат бар.Ал, екіншісінде – өлім және қиямет күні істеген іс-әрекеттеріне жауап беру бар.Хадисті әл-Бұхари (нөмірі: 6729) риуаят еттіТағы бір хадисінде Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп түсіндірген: **«Қаласаңдар сендерге басшылықтың не екенін айтып берейін. Тек қана әділ болған адамнан басқасы үшін ол: біріншісі – ұрыс, екіншісі – өкініш, үшіншісі – қиямет күнгі азап»** Хадисті әт-

Табарани "Әл-Кәбир" кітабында (18/72) риуаят еткен. "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (нөмірі: 1420).

Демек, билік тұтқасын қолына ұстаған адам сол орынға ең лайық, қолынан іс келетін Жүсіп пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) сияқты еңбекқор, әділ адам болса онда оның ешбір оқасы жоқ. Ал, бірақ көп жағдайда бұлай бола бермейді. Әдетте билікке ұмтылған кісі мансапқор, басшы болуға лайықты адамның жолын кесіп, оның құқықтарын аяқ асты етіп, бұйрық беру мен тыйым салу менің өзіме ғана тән болса екен деп тілейді.

Мәжіліс, жиындарда басшылық етіп, жұртты сөзбен әсерлендіріп, барлығына тыңдауды міндет етіп қоюды жақсы көру. Мәжілістердің төрі яғни, мінбері Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)**: «Михрабтардан сақ болыңдар»,** – деп қатты ескерткен **«михрабтардың»** яғни мәжіліс, жиын мінберлерінің дәл өзі.Хадисті әл-Байһақи (2/439) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (нөмірі: 120).Кірген кезінде өзінің дертке шалдыққан нәпсісін массаттандыру үшін басқа адамдардың орындарынан тұрып қарсы алуын жақсы көру. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Кімде-кім Аллаһтың құлдарының оны тұрып**

**қарсы алуы қуантатын болса, өзіне тозақтан бір үй дайындай берсін»** Хадисті әл-Бұхари "Әдәб әл-Муфрадта" (977) риуаят еткен. "Әс-сильсиля әс-сахиха" (357) қараңыз.Осыған байланысты бірде Муғауия ибн Зубайр мен ибн Амир отырған жерге келгенде, ибн Амир орнынан тұрып, ибн Зубайр орнына тұрмайды. Сонда Муғауия ибн Амирге: **«Отыр! Мен Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін естідім: «Кімде-кім адамдардың оны тұрып қарсы алуын ұнатса, орнын тозақтан дайындай берсін».**Хадисті Әбу Дәуіт (нөмірі: 5229) және әл-Бұхари "Әдәб әл-муфрадта" (977) риуаят еткен."Әс-сильсиля әс-сахихада" (нөмірі: 357).

Бұл топқа кіретін адамдар Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), сүннетін орындауда қасарысады. Егер де бір жиналысқа келсе, бір адам тұрып оған орын бермесе риза болмай өз ренішін білдіреді. Негізінде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп мұндай істен қайтарған болатын: **«Бір адам екінші адамды орнынан тұрғызып, орнына отырушы**

**болмасын»** Хадисті әл-Бұхари риуаят еткен ("Фәтх" 11/62).

**Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – сараңдық және қызғаншақтық.**

Аллаһ Тағала Құранда ансарларды былай деп мақтап-мадақтайды: «Олар өздеріне қоныс аударып келгендерді жақсы көріп,оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбеңдік болмайды. Сондай-ақ, өздерінде таршылық бола тұра оларды өздерінен артық көреді»

Осыған қатысты Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: **«Пенденің жүрегінде еш уақытта иман мен сараңдық сиыспайды»** Хадисті ән-Нәсәи риуаят етті ("әл-Мужтәбә", 6/13), және "Сахих әл-Жәмиъте" (2678).Тағы бір хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп сараңдықтың қатерлігі мен оның жанға тигізер әсерін баян етеді: **«Сараңдықтан сақ болыңдар. Расында сендерден алдыңғылар сараңдықтан құрыды. Оларды (шайтан) сараңдық етуге бұйырғанда сараңдық қылды, ағайын-туыспен араласпауды бұйырғанда араласпады, арсыздықты бұйырғанда арсыздық**

**қылды»** Хадисті Әбу Дәуіт (2/324) риуаят етті. Және ол "Сахих әл-Жәмиъте" (нөмірі: 2678).

Ал, иманы әлсіз сараң адам садақа жинаушы шақырса да, мұсылман бауырлары кедейленіп қиналса да Аллаһ разылығы үшін қалтасынан еш нәрсе шығарып бере алмайды.Бұл жайында Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿هَٰٓأَنتُمۡ هَٰٓؤُلَآءِ تُدۡعَوۡنَ لِتُنفِقُواْ فِي سَبِيلِ ٱللَّهِ فَمِنكُم مَّن يَبۡخَلُۖ وَمَن يَبۡخَلۡ فَإِنَّمَا يَبۡخَلُ عَن نَّفۡسِهِۦۚ وَٱللَّهُ ٱلۡغَنِيُّ وَأَنتُمُ ٱلۡفُقَرَآءُۚ وَإِن تَتَوَلَّوۡاْ يَسۡتَبۡدِلۡ قَوۡمًا غَيۡرَكُمۡ ثُمَّ لَا يَكُونُوٓاْ أَمۡثَٰلَكُم ٣٨﴾ [محمد: 38]

**«Негізінде сендер сол Аллаһ жолында мал жұмсауға шақырылудасыңдар. Алайда, кейбіреулерің сараңдық етеді. Кімде-кім сараңдық қылса, өзіне ғана сараңдық қылады. Өйткені Аллаһ бай, сендер кедейсіңдер. Егер Аллаһтан бет бұрсаңдар, орындарыңа сендерден басқа халықты ауыстырады. Сосын олар сендер сияқты болмайды» (Мұхаммед сүресі, 38 аят)**

**Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – өзі істемейтін ісін «істеймін» деп айтуы.**

Құранда Аллаһ Тағала былай деп баян етеді:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ لِمَ تَقُولُونَ مَا لَا تَفْعَلُونَ ۝٢ كَبُرَ مَقْتًا عِندَ ٱللَّهِ أَن تَقُولُواْ مَا لَا تَفْعَلُونَ ۝٣﴾ [الصف: 2-3]

**«Әй, мүміндер! Істемейтін істеріңді неге айтасыңдар. Істемейтін істеріңді айту – Аллаһтың алдында зор ашуға себеп болады» (Саф сүресі, 2-3 аят)**

Сөзсіз жасамайтын істі жасаймын деп айту – екі жүзділіктің белгісі. Кімде-кімнің сөзі ісіне қайшы келсе, Аллаһтың алдында ұятты, ал халық алдында жек көрінішті болады.Жақсылыққа бұйырып, өзі істемейтін, жамандықтан қайтарып, өзі соны істейтін тозақтықтардың көздері ақиқатқа кеш жетеді.Мұсылман бауырының зиян шегіп, басына қиыншылық түскеніне немесе нығметтен айырылып қалғанына қуану. Расында мұндайға қуану иман әлсіздігінің басты белгілерінен.Шын мәнінде басқадан өзін ерекше етіп тұратын нәрседен олардың өздері айырылып қалды. Нығметтің барлығынан айырылғандар – дәл өздері.

**Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – іс-әрекеттеріне күнәға жату немесе жатпау тұрғысынан ғана қарау**

.Сондай-ақ, ұнамсыз іс-әрекеттерді орындауда көз жұму. Кейбір адамдар бір іс істейтін болса, бұл істің сауабы туралы емес, «Күнә ма, әлде күнә емес пе? Бұл іс харам ба, әлде жәй ғана макруһ (ұнамсыз амал) па?» - деп сұрайды.

Мұндай сұрақтар адамды көптеген орындалуы күмәнді әрі макруһ амалдарды орындауға алып барады. Осылайша күндердің бірінде ол кісі харам істерге ұрынуы әбден мүмкін. Мұндай адамдар макруһ немесе күмәнді істер харам болмаса, оларды істеуден тиылмайды.Бұл Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына дегенінің дәл өзі: **«Кімде-кім күмәнді істерді істесе, харамды істегені. Себебі ол рұқсат етілмеген жерде мал бағып жүрген малшы секілді. Ол сол жерге кіріп кетуі әбден мүмкін»** Хадис екі "Сахихта" да келтіріледі, ал бұл Муслимде келген нұсқасы (нөмірі: 1599).

Ал, кейбір адамдар бір істің харам екенін білсе, оның харамдығы яғни, тыйым салынғандығы қатаң түрде ме, әлде жеңіл түрде ме деп сұрайды.

Не болмаса ол істі істеудің күнәсі қаншалықты үлкен екенін сұрайды.

Мұндай адамдар жамандықтан алыс жүруге көңіл бөлмейді. Бәлкім ол адам харамның алғашқы дәрежелерін істеуге әдеттеніп қалған болуы да мүмкін. Кейін онымен күнәлардың арасындағы перде түсіп қалады.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), сенімді хадистерінің бірінде, бірде сахабаларына былай дейді: **«Қиямет күні жақсылықтары таудай болған менің үмметімнен шығатын қауымдарды білемін. Бірақ Аллаһ олардың жақсылықтарын шашыраған тозаңға айналдырады»** Мұны естіген сахабалардың арасынан Саубан деген кісі: **«Әй, Аллаһтың елшісі! Біз білмей қалып солардың қатарынан болып қалмау үшін бізге оларды сипаттап, анықтап бер»,** - дейді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Олар сендердің бауырларың, өздеріңнің араларыңнан. Сендер сияқты түнде тұрып намаз оқиды. Бірақ егер Аллаһтың харам еткендерімен жеке қалса, оларды бұзады»** Хадисті Ибн Мәжәһ (нөмірі: 4245) рияуат етеді."әз-Зәуәид" деген кітапта "иснәді мен жеткізген кісілері сенімді " деді. Ол "Сахих әл-Жәмиъте" (нөмірі: 5028).

Расында мұндай адамдардың харам нәрселерді ешбір сақтанусыз, ойланбай істегендерін көресің. Мұндай адам харам нәрседен қорқып барып істеген адамнан да жаман. Бұл екі адамның екеуі де қатерлі халде тұр. Бірақ біріншісі екіншісінен де жаман.Адамдардың бұл түрі иманының әлсіздігінен күнәлардың барлығын жеңілдетіп жібереді. Ол өзін жамандық істедім деп ойламайды.Абдулла ибн Масғуд екіжүзді адам мен мүмін адамның мысалын: **«Мүмін адам күнәларын өзі астында отырған таудай көреді де ол оның үстіне құлап кететіндей қорқып жүреді. Ал күнәһар адам күнәларын мұрнына қонған шыбындай көреді де оны қолымен ұшырып жіберетіндей сезінеді»** яғни: қолымен ұшырып жіберетіндейХадисті әл-Бұхари ("Фәтх" 11/102) риуаят еткен. "әл-Мактаб әл-Исләми, Тағлиқ әт-Таълиқ" кітабын 5/136 қараңыз.

**Жақсылықтарды азсыну (кемсіну) және кішкентай жақсылықтарға көңіл бөлмеу.**

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге олардың қатарынан болмауды үйреткен. Имам Ахмадтың жеткізген хадисінде Әбу Жари әл-Һужәйми: **«Мен Аллаһтың елшісіне келіп:**

**«Әй, Аллаһтың Елшісі, біз шөл даладан келген халықпыз. Бізге Аллаһ Тағала пайда беретін бір нәрсені үйретіңіз», - дедім. Сонда Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Су сұраған адамға су бергеніңде шелегің босап қалса да немесе бауырыңа сөйлегенде жылы жүзбен қарасаң да жақсылықтың біреуін де азсынбаңдар»** Ахмадтың "Муснад" кітабында (5/63) және "әс-Сильсиля әс-Сахиха" кітабында (1352)

Құдықтың басына су алуға келген адам үшін шелегіңді босатып беру кішкене ғана іске ұқсап көрінсе де оған немқұрайлы қарама. Сол секілді бауырыңа жылы жүзбен қарау, мешіттен кішкене бір ыбырсықты (қоқымды) алып шығу да азғантай ғана сауап бар сияқты көрінсе де оны орындауға салғырт қарамау керек. Кім білсін мүмкін ол күнәлардың кешірілуіне себеп болар. Раббымыз осындай амалдарды орындаған пенделерге разы болып, оның күнәларын жояды.Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін көрмедің бе: **«Бір кісі жолда кетіп бара жатып бір ағаштың бұтағын көреді де: «Аллаһтың атымен ант етейін! Мен**

**мұсылмандардың жолынан мынаны алып тастаймын бұл оларға ешқашан зиянын тигізбесін», - деді. Міне, сол үшін Аллаһ оны жәннатқа кіргізді»** Хадисті Муслим риуаят етті (нөмірі: 1914) Кішігірім жақсы амалдарды кемсіткен адамның бойында қандайда бір кемшілік бар. Осыған орай, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп сүйіншілеген: **«Кімде-кім мұсылмандардың жолынан бір кедергіні алып тастаса, оған бір жақсылық жазылады. Ал кімде-кімнің бір жақсылығы қабыл етілсе, жәннатқа кіреді»** Хадисті әл-Бұхари ("Әдәб әл-Муфрад", нөмірі: 593) риуаят етті. Және ол "Әс-Сильсиля әс-Сахихада" (нөмірі 5/387).

Бір күні Муаз ибн Жәбәл бір кісімен бірге жолда келе жатқанда, Муаз жолдан бір тасты алып тастайды. Сонда қасындағы кісі: «Неге олай істедің?» - деп сұрайды.

Сонда оған Муаз: «Мен Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін естіп едім: **«Кімде-кім жолдан бір тасты алып тастаса, оған бір жақсылық жазылады. Ал кімде-кімнің бір жақсылығы болса, ол жәннатқа кіреді».**

Әт-Табаранидің "әл-Муъжам әл-кәбир" кітабында (20/101), және "Әс-сильсиля әс-сахихада" (5/387).

Мұсылмандардың жағдайларына көңіл бөлмеу және оларға дұғамен, садақамен болса да көмек көрсетпеу Мұндай адамдар өздерінің саулығынан басқаны ойламайды. Әрі әлемнің әр түкпіріндегі мұсылмандарға деген жылы сезімі болмайды. Оларды жау басып алса да, қиыншылыққа ұшыраса да, табиғи апаттарға тап болса да ол адамдарға бәрі бір.Мұның барлығы да иманның әлсіздігінен. Ал, нағыз мүмін адам бұл айтылғандарға қарама-қарсы болады.

**Пайғамбар, оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын,**

былай деді: **«Мүміннің иман иелеріне қатысы – бастың денеге қатысындай. Бастың ауырғанына дене қандай сезімде болса, мүмін де иман иелері үшін сондай сезімде болады»** Ахмадтың "Муснад" кітабында (5/340) және "әс-Сильсиля әс-Сахиха" кітабында (1137)Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – мұсылман бауырлардың арасындағы бауырластықтың үзілуі. Пайғамбарымыз бұны былай түсіндірген (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Екі адам Аллаһ үшін немесе ислам үшін бірін-бірі жақсы**

**көрсе, ол екеуінің арасын біреуі жасап қойған күнә ғана айырады».** Әл-Бұхаридің "Әдәб әл-муфрадта" (нөмірі: 401), Ахмад "Муснадта" (нөмірі: 2/68), және "Әс-сильсиля әс-сахихада" (637).

Бұл хадис бауырластықтың арасын күнә ғана үзетініне дәлел. Басқаша айтқанда екі адам араларындағы жылулық сезімнің кетіп қалғанын сезсе, бұл олардың күнәләрінің кесірінен болып иманның әлсірегенін көрсетеді. Өйткені, жүректерінен алып тастайды да, ол адам олардың арасында ең жаман өмірмен өмір сүреді. Ол құрметсіз, қадірі жоқ болады. Сонымен қатар ол мүміндердің достығынан айырылып, Аллаһтың қорғауынан тыс қалады. Аллаһ Тағала тек иман келтіргендерді қорғайды.

Келесі көрінісі – діні үшін қызмет етудің жауапкершілігін сезінбеу. Иманы әлсіз адам дінді насихаттауға оған қызмет етуге ұмтылмайды. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабалары керісінше, дінге кіре салысымен бірден дінге шақыруға асыққан. Мысалы, Туфайл ибн Амрдің Ислам дінін қабылдауы мен өз елін дінге шақыруының арасы қанша уақытта созылды десеңізші?!

Ол кісі дінге кіре салысымен өз елін дінге насихаттауға барын салды. Ол өзінің мойнындағы үлкен жауапкершілікті сезінді де Аллаһ елшісінен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), өз еліне қайтуға рұқсат сұрады. Еліне оралғаннан соң Аллаһқа шақыруға кірісті.Ал қазіргі таңда дінге кіргеннен кейін ұзақ уақыт бойы өзгелерге дін ақиқатын жеткізуге талпынбайды.Сахабалар, Аллаһ олардан разы болсын, дінді кең таратуға тырысқан. Сәмәд ибн Әсел, Аллаһ одан разы болсын, (Ямама қауымының басшысы) ұсталып, оны мешітке алып келген кезде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оған исламды түсіндіреді. Сол уақытта Аллаһ оның жүрегін ашады да исламды қабылдап умраға (кіші қажылыққа) барады. Меккеге жеткен кезде Құрайштың кәпірлеріне былай дейді:«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), рұқсат бермейінше сендерге Ямамадан бидайдың бір дәні де келмейді»Хадисті әл-Бұхари риуаят еткен ("Фәтх" 8/87).Міне ол кісі дінге кіре салысымен дінге қызмет ретінде және кәпірлерден бөліну үшін оларға қысым көрсетеді.Себебі оның иманы сол амалды оған міндеттеп қойған болатын.

Басына қиыншылық түссе немесе бір мүшкіл жағдайға тап болса қорқып, дірілдеп, көздері бадырайып әбіржіп қалуы.  Мұндай иманы әлсіреген адам егер де бір бәлеге душар болса, сасқалақтап көзіне ешнәрсе көрінбей, болып жатқан оқиғаға қарсы тұра алмайды. Мұның барлығы иманының әлсіздігінен болады. Егер де иманы күшті болса, оның жүрегі мықты болып қиыншылықтарға қарсы тұра алатын еді.

Иман әлсіреуінің бір көрінісі – жүректі қатайтатын бәсеке мен талас-тартыстың көптігіАллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахих хадисінде былай деді: **«Тура жолға түскен қауым тек талас-тартыстан кейін ғана адасады»** Хадисті Ахмад "Муснадта" (5/252) риуаят еткен. Және ол "Сахих әл-Жәмиъте" (5633).Ал орынсыз, ешбір дұрыс мақсатсыз жасалған талас-тартыс тура жолдан адасуға алып барады. Қазіргі кезде адамдар арасында ақиқатсыз тартыстар қаншалықты көбейіп кеткен. Олар ешбір себепсіз, білімсіз, әрі Аллаһтың кітабына жүгінбей-ақ тартыса береді. Бұл жаман әдетті тастауға Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына хадисі өзі жеткілікті: **«Кімде-кім хақылы болып тұрып, тартыс пен күмәнді тастаса, мен оған жәннаттың төмен жағынан үй берілуіне**

**сенімдімін (яғни, кепілдік беремін)»** Хадисті Әбу Дәуіт (5/150) риуаят етті. Және ол "Сахих әл-Жәмиъте" (нөмірі: 1464).Келесі көрінісі-дүниеге жабысып, оны жақсы көріп, оған ұмтылу. Жүрек дүние-мүлікті жақсы көріп оның иесі егер байлық, мансап, абырой сияқты бір нәрседен қалып кетсе, қатты қиналады. Басқалар қол жеткізген жетістікке жете алмағаны үшін ол өзін несібесі аз, алданып қалғандай көреді. Тіпті ол басқаларды көре алмауы мүмкін.Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Пенденің жүрегінде иман мен көре алмаушылық бірге сиыспайды»,** - деп айтып кеткендей мұндай іс имандылыққа кереғар болады.Хадисті Әбу Дәуіт (5/150) риуаят етті. Және ол "Сахих әл-Жәмиъте" (нөмірі: 1464).

Өзге қауымдардың сөздерін, мінез-құлықтарын алып иманнан ажырай бастау. Мұндай адамдардың бойынан, істеген іс-әрекеттерінен Құран, хадис, сахабалардың сөздеріне сай амал таппайсың.

Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – өзіне көңіл бөлуде шектен шығу.Тамақ ішіп-жеуде, киім киюде, көлік міну тағы басқа осы сияқты нәрселерде тым шектен шығу. Мұндай адамдар өмірге бір жақты көңіл бөліп, барлық уақыты мен дүниесін жақсы киіну, үйін

үлкейту, әшекейлеу секілді осындай нәрселерге жұмсағанын көресің.Ал мұндай нәрселер ол үшін аса қажетті, зәру емес. Сондай-ақ, оның орынсыз жұмсаған қаржысына мұқтаж болып жүргендер қаншама. Бұған қоса Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Муаз ибн Жәбәлді Йеменге жібергенде, оған өсиет етіп былай деген: **«Шалқып өмір сүруден сақтан. Шын мәнінде Аллаһтың құлдары астамшылықпен өмір сүретіндерден емес»** Хадисті Әбу Нағим "әл-Хилья" кітабында (5/155) риуаят еткен. Және ол "Әс-сильсиля әс-сахихада" (353), және Ахмадтың "Муснадында" (5/243) келтіріледі.Екіншіден: Иманның әлсіреп кетуінің себеп-салдарыИманның әлсіреуінің өзіндік көптеген себептері және одан шығатын түрлі салдарлары бар.Ұзақ уақыт бойы иманды ортадан қол үзу. Міне бұл иманның әлсіреуінің басты себептерінің бірі.Аллаһ Тағала Құранда:

﴿۞ أَلَمۡ يَأۡنِ لِلَّذِينَ ءَامَنُوٓاْ أَن تَخۡشَعَ قُلُوبُهُمۡ لِذِكۡرِ ٱللَّهِ وَمَا نَزَلَ مِنَ ٱلۡحَقِّ وَلَا يَكُونُواْ كَٱلَّذِينَ أُوتُواْ ٱلۡكِتَٰبَ مِن قَبۡلُ فَطَالَ عَلَيۡهِمُ ٱلۡأَمَدُ فَقَسَتۡ قُلُوبُهُمۡۖ وَكَثِيرٞ مِّنۡهُمۡ فَٰسِقُونَ ١٦﴾ [الحديد: 16]

**«Иман келтіргендердің жүректері Алланы еске алумен жұмсарып әрі түскен ақиқатқа жібімей ме? Ал енді бұрын өздеріне кітап беріліп, сосын ұзын мерзім өткендіктен жүректері қатайғандар сияқты болмаңдар. Олардың көбісі пасықтар»(Хадид сүресі, 16 аят)**

Бұл аят имандылық ортадан ұзақ уақыт бойы алыстаудың иманды әлсірететінін көрсетеді. Мысалы, бір кісі сапарға шығып немесе жұмыс бабымен мұсылман бауырларынан алыстап кетсе, алғашында өзі сол ортаның көлеңкесінде рахаттанып жүрген, одан жүрегінің қуатын алған иманды ортаны жоғалтады. Негізінде мұсылман адам жалғыздықта аз, ал көбіне өзінің мұсылман бауырларымен бірге болады.Хасан әл-Басри былай деді:"Бауырларымыз жанұямыздан да қымбат. Жанұямыз дүниені есімізге салса, бауырларымыз ақыретті есімізге салады".Егер бауырларымен ұзақ уақытқа байланыспай қойса, біраз уақыттан кейін иманды ортадан қашқақтай бастауы мүмкін. Осының нәтижесінде жүрек қарайып, қатайып, ондағы иман нұры сөне бастайды.

Міне, осы кейбір адамдардың қоныс аудару, жұмыстан ұзақ уақытқа босау, демалысқа шығу

кездерінде болатын иманның әлсіреп кетуінің бір себебі.

Үлгі-өнеге тұтар ізгі адамнан ұзақтау. Ізгі адамнан тәлім-тәрбие алған шәкірт пайдалы білім, ізгі амал және қуатты иманның иесі болады. Себебі ол ұстазының мінез-құлқын, білімін игереді. Ал егер ол ұстазынан біраз уақытқа алыстап араласпай кетсе, жүрегінің қатайып бара жатқанын сезінеді.Міне, сондықтан болар Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дүние салып, жерленгеннен кейін сахабалар: «Біз өз жүректерімізді танымай қалдық», - деген болатын. Өйткені олардың тәрбиешісі, ұстазы, әрі жолбасшысы болған Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қайтыс болып кеткен еді.Кейбір жазба деректерінде сахабаларды: «Олар қыстың жаңбырлы түнінде қалып кеткен қой сияқты болды», - деп сипаттайды. Бірақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өзінен кейінгілерге әрқайсысы басшылық етуге лайықты ірі тұлғаларды тәрбиелеп кеткен болатын. Сөйтіп олар бір-біріне үлгі-өнеге, жолбасшы бола білді. Ал бүгінгі таңда мұсылман өзіне үлгі-өнеге болып жолбасшы болар жанға аса мұқтаж.Діни білім ізденуден және иманды

жандандыра түсетін кітаптардан қол үзу. Кітаптардың кейбірі оқырман оқыған кезде оның жүрегіне иман ұялтып әрі ішіндегі имани факторларға әсер ететін түрлері бар. Мұндай кітаптардың ең бастысы – Аллаһ Тағаланың кітабы, сосын Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадистері жинақталған кітаптар, одан кейін уағыз және насихатты жетік меңгерген және жүректі тірілту жолы арқылы ақиданы жеткізген ғалымдардың кітаптары. Мысалы ибн әл-Қайюм және ибн Ражаб және т.с.с. ғалымдардың кітаптары.Осы секілді кітаптардан бет бұрып тек логикалық кітаптарға үңіліп немесе дәлелдері жоқ үкім кітаптарын оқу не болмаса тіл туралы кітаптарды ғана оқу кейде жүректің қатаюына апарып соқтырады.Бұл – тіл туралы немесе басқа да кітаптарды жамандағандық емес, тек тәпсір, хадис кітаптарынан бет бұрғанға жасалған бір ескерту. Бұл кітаптар жүректі Аллаһпен байланыстыратынына қарамастан, кейбір кісілердің оны өте аз оқитынын байқаймыз. Негізінде сахих хадистер жинақталған еңбектерді оқығанда өзіңді бейнебір Исламның алғашқы ғасырларында Пайғамбарымызбен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) және оның сахабаларымен бірге өмір сүріп жатқандай сезінесің. Өйткені олардың өмірлерінен, жүрген жолдарынан

имандылықтық лебі есіп тұр.Хадиспен айналысқандар - Аллаһ елшісінің адамдары. Өзін көрмесе де, оның лебін сезінді.

Ал енді тек дәлелсіз болжамдармен қиялға негізделген кітаптарды оқитындар діннен алыстайды. Сол сияқты бос әңгімелерді, махаббат жайлы әңгімелерді оқу, пайдасыз да тұрпайы газет-журналдарды оқу да иманды әлсіретеді.

Мұсылман адамның күнәлар ашықтан-ашық жасалып жатқан ортада болуы. Біреуі жасаған күнәсін жариялап жатады, екіншісі мағынасыз, дұрыс емес өлеңдерді айтып отырады, үшіншісі темекі тартып, төртіншісі жалаңаш суреттері бар журналдарды ашып отырады, бесіншісінің тілі қарғыс, жаман сөздерді, ғайбатты нәрселерді айтудан босамайды.ғайбатты нәрселерді айтудан босамайды.

Ал, көптеген орталарда сауда, байлық, пайда түсіру, өсім, кіріс, шығыс сияқты әңгімелерден басқа әңгіме естімейсің.

Ал, үйлерді алатын болсаңыз – күнәлардың соншама көптігінен мұсылманның шекесінен тер шығып, жүрегі бұзылады. Бұзақы өлеңдер, жаман кинолар сияқты нәрселерге қазіргі кезде көптеген мұсылмандардың

үйлері толып жатыр.Міне осы сияқты орталарда жүрек ауруға шалдығып, күмәнсіз қатып қалады.Жүрек дүниенің құлы болып кеткенше оған құнығу Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтады: **«Динардың және дирхамның құлы бақытсыздыққа ұшырайды (оңбайды)»** Хадисті әл-Бұхари (нөмірі: 2730) риуаят еттіОған қоса Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Шын мәнінде сендердің әрқайсыңа салт кісіге жеткен азық жетеді»** Хадисті әт-Табарани "Әл-Кәбир" кітабында (4/78) риуаят еткен. "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (нөмірі: 2384).

Яғни, болар-болмас азғантай ғана нәрсе.

Бұл көрініс қазіргі кезде түсінікті. Себебі бүгінгі күні материалдық тойымсыздық кең белең алған. Адамдар қазір сауда, өндіріс, серіктестіктердің артынан жүгіретін болған.Міне бұл жағдай Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) құдси хадисіндегі мына сөздерін дәлелдей түседі : **«Расында Аллаһ былай деді: «Шын мәнінде біз дүниені намаз оқылып, зекет берілу үшін түсірдік. Ал егер адам баласында бір бақша болса, ондай бақшаның екеуі болғанын қалар еді. Егер ода екі**

**бақша болса, ол үшіншісінің болғанын қалар еді. Адам баласының көзі тек топырақпен ғана тояды. Кейін Аллаһ тәубе қылғанның тәубесін қабыл етеді»** Хадисті Ахмад (5/219) риуаят етті, және ол "Сахих әл-Жәмиъте" (1781).Барлық уақытын мал-мүлік және әйелі мен балаларына ғана арнау.Аллаһ Тағала Құранда:«Негізінде малдарыңды және бала-шағаларыңды сын деп біліңдер» (Әнфәл сүресі, 28 аят).Аллаһ Тағала айтады: **« Адам баласы үшін әйелдер, балалар, алтын күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және егіндерді сүю әдемі көрсетілді. Бірақ олар дүние тіршілігінің сәні. Негізінде орынның жақсысы Аллаһтың қасында» (**Әли Имран, 14).Бұл аяттың мағынасы – егер де әйел және бала-шағаға деген махаббат Аллаһқа және Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бойсынудан асып кетсе, оның иесі жағымсыз, жек көрінішті болады.Ал, егер махаббат шариғи түрде болса, оның иесі мақтаулы болады.Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: **«Бұл дүниеден маған әйел және хош иіс сулар (әтірлер) жақсы көрсетілді. Әрі намаз көзайдыным (рахаты) етілді»** Хадисті Ахмад (3/128) риуаят етті; бұл хадис

"Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (3124) келтіріледі.Көптеген адамдар әйелдерінің кесірінен харам нәрселерді жасайды, ал балаларының сылтауынан Аллаһқа бойұсынудан қалады.Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: **«Бала – қайғыртушы, қорқақ, білімсіз және сараң етуші»** Хадисті әт-Табарани "Әл-Кәбир" кітабында (24/241) риуаят еткен. "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (нөмірі: 1990). «Сараң етуші» - егер адам Аллаһ жолында нәпақа бергісі келсе, шайтан оның есіне балаларын түсіреді де: «балаларым да осы ақшаға мұқтаж. Мен мұны соларға қалдырайын» деп Аллаһ жолында садақа беруге сараңдық жасайды. «Қорқақ қылушы» - егер бір адам Аллаһ жолында күреске шыққысы келсе, шайтан оған: «күресесің де өліп кетесің. Кейін балаларың жетім болып адасып кетеді» - дейді. Сөйтіп ол адам үйінде отырып, шықпай қалады. «Білімсіз қылушы» - әкесінің ғылым іздеуге қолын босатпайды (күш-қуат, уақытының бәрін соларға арнайды). Осылайша әкесінің білім іздеуге, кітап оқуға құштарлығы жойылады. «Қайғыртушы» - егер баласы ауырып қалса, әкесі қайғырады. Егер баласы бір нәрсе сұрап, әкесі оны алып беруге шамасы келмесе, тағы қайғырады. Ал, егер үлкейген кезінде әкесінің

сөздеріне құлақ аспай, оны құрметтемей қойса, міне қайғының ең үлкені де ұзағы да осы болмақ.Иә, бұл хадистің мән-мағынасы әйел, бала-шағаны тастап кету немесе олардың тәрбиесіне көңіл аудармау емес. Бұл хадистің астарында оларға шектен тыс көңіл бөлемін деп харам нәрсеге бой алдырып алмау керек деген ескерту жатыр.Ал, байлық жайында Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Әр бір үмбеттің өз бүлігі болады. Менің үмбетімнің бүлігі – байлық».**Хадисті әт-Тирмизи (2336) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (2148).Байлыққа құнығу қасқырдың қой-қораны басқарып отырғанынан да қатерлі. Бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), мына сөзінің мағынасы: **«Екі аш қасқырдың бір қойға жіберілуінен де кісінің дініне емес, байлыққа және абырой-атаққа ұмтылуы жаман»**. Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 2376) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиғ" кітабында (нөмірі: 5620).Сол үшін де Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһты естен шығарып жіберетіндей дәрежеде байлыққа ұмтылуды емес, дүниенің тек өзіне жеткіліктісін ғана алуға жігерлендірген: **«Шынында саған байлық жинауға қарағанда бір қызметші және Аллаһ жолында**

**жүру үшін бір көлік жетеді»** Хадисті Ахмад (5/290) риуаят етті; бұл хадис "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (2386) келтіріледі.Сондықтан Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) садақадан басқа нәрселерге орай дүниені жинағандарға былай ескертті: **«Байлығын былай-былай төрт жағына: оң жағына, сол жағына, алдына, артына бергендерден басқа байлық көбейтушілерге нендей өкініш»** Хадисті Ибн Мәжәһ (нөмірі: 4129) риуаят етті, және "Сахих әл-Жәмиғ" кітабында (7137).

Яғни, байлығын садақа және басқа да жақсылыққа жұмсауға үгіттейді.

Үміттің, бос дәмелердің ұзаққа созылуы.

Аллаһ Тағала айтты: **«(Мұхаммед) оларды қойып қой. Жесін, пайдалансын; дәмелері (үміттері) айналдырсын. Олар жуықта түсінеді»Осыған байланысты Али (Аллаһ оған разы болсын): «Негізінде менің сендерден қорқатынмын – бос қиялға (нәпсі, құштарлыққа) еру мен көп үміттену. Бос қиялға еру – ақиқаттан тосады, ал көп үміттену – ақыретті ұмыттырады»**"Фәтх әл-Бәри" кітабынан (11/236).Осы еңбекте«төрт адам

бақытсыз болады олар: жансыз көз (соқыр, яғни көріп тұрып көрмейтін), жүрегі қарайған, көп үміттенетін және дүниеге ұмтылатын.Көп үміттен және көп қиялдаудан құлшылық жасауда жалқаулыққа бой алдыру, тәубеге келуді кейінге қалдыру, дүниеге қызығу, ақиретті ұмыту туындайды. Міне осының барлығы жүректің қарайып қатаюына алып келеді. Себебі жүрек – өлім, қабір, сауаб және жаза, ақиреттің қорқыныштарын еске алу арқылы ғана жұмсарады. Аллаһ Тағала: **«Олардың үміттері созылып кетті де жүректері қатып қалды»**Кімнің үміті қысқарса уайымы азайып, жүрегі нұрланады. Себебі ол өлімді келіп қалды деп сезінсе, құлшылық етуге тырысады делінген."Фәтх әл-Бәри" кітабынан (11/237)Иман әлсіздігінің және жүректің қатаюының себеп-салдарынан:Тамақ, ұйқы, бос сөз сөйлеу және адамдармен қарым-қатынаста шектен шығуы. Тамақты қажетті мөлшерінен асырып жеу адамның зейінін бұзады, ар-Рахманға бойсынуды денені ауырлатып, адамдағы шайтанның жолдарын азықтандырады. «Кім көп жесе, көп ішеді содан соң көп ұйықтайды да көп сауаптан құр қалады» деген сөздің жаны бар.Сол сияқты шектен көп сөйлеу де жүректі қатайтса, адамдармен шектен тыс араласа беру өзіндік

түйсінуден, өзіне өзі есеп беруден, өзінің ісі жайлы ойланудан қалдырады.Ал, көп күлу жүректегі тіршілікті жойып, оны өлтіреді.Сол себепті Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Күлкіні көбейтпеңдер. Көп күлкі жүректі өлтіреді»** Хадисті Ибн Мәжәһ (нөмірі: 4193) риуаят етті, және "Сахих әл-Жәмиғ" кітабында.

Сондай-ақ Аллаһ Тағалаға құлшылық етуге арналмаған уақыт жүректі қарайтады. Ал қарайып қатқан жүрекке Құран да, иман жайлы уағыздар да көмек бермейді.

Көріп отырғанымыздай, иманның әлсіреуінің себептері көп. Оларды белгілі бір санмен шектеуге болмайды. Жоғарыдағы сипаттарды зерделеу арқылы иманның әлсіреуіне алып келетін өзге де себептерді анықтауға болады. Ақыл иесі оларды өз бойынан-ақ аңғарады. Біз Аллаһтан жүрегімізді тазартып, нәпсіміздің кесірінен сақтауын сұраймыз.

Үшіншіден: Иман әлсіздігін емдеуХакимнің «Мустадрак» және Ат-Табаранидің «Муъжам» деген кітаптарында Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөзін жеткізген: **«Сіздердің іштеріңдегі иман киім секілді**

**жасалады. Сол үшін Аллаһтан имандарыңызды жаңартуын сұраңыздар»** Хадисті әл-Хаким "Мустадрак" кітабында (1/4) риуаят етті, және ол "әс-Сильсиля әс-сахиха" кітабында (1585). Әл-Хайсами бұл жайында "Мажмағ әз-Зәуәид" кітабында (1/52) былай деді: "Хадисті әт-Табарани "әл-Кәбир" кітабында жақсы иснәдпен риуаят етті".

Яғни, жүректегі иман да киім сияқты, жаңартып отырмаса тозып кетеді. Мұсылманның жүрегінде кей кездері істеген күнәсі бір бұлт секілді оның жүрегін қараңғылатып қою мүмкін.

Мұны Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп сипаттайды: **«Жүректердің бірінде айдың бұлты секілді өз бұлты болады, Ай жарқырап тұрады да оның ауруы бұлт келсе, қараңғы болып қалады. Егер бұлт кетіп ашылса жарқырайды»** Хадисті Әбу Нұғайм "Әл-Хилья" кітабында (2/196) риуаят етті, және ол "әс-Сильсиля әс-сахиха" кітабында (2268).Кейде ай бетінде бұлт тұрып оның жарығын жауып қояды. Біраз уақыт өткен соң бұлт кетіп, ай алғашқыдай жарқырап, жерге нұрын төгеді.Сол сияқты мұсылман жүрегін істеген күнәларының бұлты басады. Сөйтіп адам

қараңғылықта қалады. Егер иманын күшейтуге ұмтылып, Аллаһтан ғана көмек сұраса, жүрегі нұрланып өз қалпына түсіп, жарық қайта оралады.Иман туралы ең маңызды негіздердің бірі – иманның күшейіп және әлсірейтінін білу.Иман – тілмен айтып, жүрекпен сеніп, дене мүшелерімен амал етуден тұрады. Иман Аллаһқа бойұсыну, құлшылық-ғибадаттарды орындау арқылы күшейе түссе, күнәлар арқылы, Аллаһ тыйым салған іс-әрекеттерді жасаумен әлсірей түседі.Бұған қасиетті Құран Кәрім мен хадис шәріптерден көптеген дәлелдер келтіруге болады. Мысалы, Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Мүміндердің имандарын арттыра түсу үшін...» Және мына сөзі:«Бұл қайсыларыңның иманын арттырады?». Ал, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінің бірінде: **«Сіздерден қайсы біріңіз жамандықты көрсе, қолымен өзгертсін. Егер оған да шамасы келмесе, тілімен қайтарсын. Егер оған да шамасы келмесе, жүрегімен жек көрсін. Міне, бұл иманның ең әлсізі»** әл-Бұхари "Фәтх" (1/51).

Құлшылық пен күнәнің иманға тікелей әсер ете алатындығы күнделікті тәжірибеден де белгілі. Мысалы, бір адам базарға барғанда ондағы өсек-аян,

бос әңгімелерді естісе, ашық-шашық жүрген әйелдерге қараса, сөзсіз бұл жағдай ол адамның иманының әлсіреуіне алып келеді. Ал егер содан кейін ол адам қабірстан, мазараттарға барып өлім жайлы ой жүгіртсе, о дүниелік өмірді ойлағанда жүрегі жібіп, иманы күшейе түскенде, ол осы екі жағдайдың қаншалықты айырмашылығы барын түсініп, жүректің қалай тез өзгеретінін байқар еді.

Бұл тақырыпқа байланысты ілгерідегі ғалымдардың бірі былай деген: **Пенде өзінің иманын сақтауы керек. Ол иманын не нәрсе күшейтіп, не нәрсе оны әлсіретететіндігін, шайтанның азғырулары қайдан, қай кезде келетінін жақсы білуі керек»**.Ибн Исаның Ибн Қайымның "Нуния" кітабына жасаған түсіндірмесінен (2/140).Бұған қоса мыналарды да біліп алған жөн: егер иманның әлсіреуі бір дін амалын тастауға немесе қандай да бір харам іске итермелесе, оның өте қатерлі іс екенін түсініп, дереу Аллаһқа тәубе келтіріп, өзі-өзіне көмек беруді бастау қажет. Құлшылықтағы ынта-жігеріне қайта оралу үшін ол өз нәпсісін өзі басқарып, түзелеу қажет.Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Әрбір амалдың күш-жігері бар. Әрбір күш-жігердің әлсіздігі бар. Кімде-**

**кімнің күш-жігері менің сүннетімде болса, ол құтылады (жәннатқа кіреді). Ал, енді кімде-кімнің күш-жігері мұнан басқада болса, ол өледі (тозақтық болады)»** Хадисті Ахмад (2/210) риуаят етті; бұл хадис "Сахих әт-Тарғиб" кітабында (нөмірі: 55) келтіріледі.Емдеу жайлы сөзді бастардан бұрын алдымен бір ескертуді айтып өткеніміз жөн болар. Жүректерінің қатып қалғандарын сезгендердің көпшілігі оның емін сырттан іздейді. Олар өздерін өздері емдеуге шамасы келсе де, басқа адамдарға сүйенгенді қалайды. Ал, шын мәнінде иман әлсіздігін иманы әлсіреген адамның өзі емдеуі керек. Ең негізі міне, осы. Себебі иман – пенде мен Раббысының арасындағы байланыс. Төменде мұсылман адам өзіне-өзі көмек беріп, иманын көтеруге бағытталған бірнеше шариғи шараларды қарастырамыз.Аса ұлы Аллаһ Тағала түсірген Құранды – әрбір нәрсені баян етуші, түсіндіруші, қараңғылықтан жарыққа шығарушы, Аллаһ онымен қалаған пендесін тура жолға салатын нұр деп білу және ол турасында ойлану. Күмәнсіз, Құранда ем және шипа бар.Аллаһ Тағала Құранда: **«Құраннан мүміндерге шипа және рахмет түсіреміз»**

Ал емделу жолы - аяттардың мағыналары жайында ойлану.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) түнде тұрып Аллаһтың кітабы жайлы ойланып, оны қайталап оқып тұратын. Бірде ол түнгі намазында бір аяттың өзін таң атқанша оқыған екен.Ол мұна аят:

﴿قَالَ ٱللَّهُ هَٰذَا يَوۡمُ يَنفَعُ ٱلصَّٰدِقِينَ صِدۡقُهُمۡۚ لَهُمۡ جَنَّٰتٞ تَجۡرِي مِن تَحۡتِهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١١٩﴾ [المائدة: 119]

**«Егер оларды азаптасаң да олар Сенің құлдарың, егер оларды жарылқасаң да күдіксіз Сен аса үстем, хикмет иесісің»(Мәида сүресі, 119 аят).**

Хадисті Ахмад (4/149) риуаят етті, және ол әл-Албанидің "Намаз сипаттамасы" кітабында, 102 бет. Құран жайында ойлануда да Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ең шынында болды.Ибн Хиббан жеткізген сахих хадисте былай дейді: «Убайдулла ибн Умайр екеуіміз Аишаға бардық. Сөйтіп Убайдулла ибн Умайр былай деді: «Аллаһтың елшісінен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көрген ең ғажайып нәрсені айтып беріңізші дегенде Аиша жылап тұрып былай деді: «Ол түндердің бірінде

намазға тұрып маған: «Ей, Аиша маған тиіспе, мен Раббыма құлшылық етейін» - деді. Сонда мен: «Аллаһпен ант етемін! Мен сізге жақындауды және сізді қуантатын нәрсені жақсы көремін» - дедім. Кейін Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тұрып дәретін алды да намаз оқыды. Ол екі аяғы су болып кеткенге дейін жылады. Кейіннен жер су болып кенкенге дейін жылады. Азан айтуға келген Билəл Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сəлемі болсын) жылап тұрғанын көріп: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ Тағала сіздің өткен жəне келер күнəларыңызды кешіріп қойған болса да жылап тұрсыз ба?» - деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сəлемі болсын): «Шүкір етуші құл болмаймын ба?!» - деді. «Бүгін түнде маған мына аяттар түсті. Кім бұл аяттарды оқып олар жайлы ойланбаса, оған нендей өкініші болсын: **«Шəксіз көктердің жəне жердің жаратылуында, түннің жəне күннің өзгеруінде əлбетте ақыл иелері үшін дəлелдер бар. Олар тіке тұрып, отырып, жамбасынан жатып Аллаһты еске алады. Сондай-ақ олар көктер мен жердің жаратылуы жайында ойланады да: «Раббымыз! Сен мұны босқа**

**жаратпадың, Сен пәксің, бізді от азабынан сақта!»** (Әли Имран, 190).Әс-сильсиля әс-сахиха, 1/106.

Бұл хадис мына аяттар жайында ойлану міндетті екенін көрсетеді.

Құранда Аллаһты жалғыз деп бірқұдайшылық-таухид, уәде және ескерту, үкімдер, тарихи оқиғалар, әдеп және ережелер қамтылған. Бір сүрелер екінші бір сүрелерге қарағанда адам жанын қаттырақ қорқытады.Оған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері дәлел бола алады: **«Худ сүресі мен оның «сіңлілері» мені қартаюымнан алдын шашыма ақ түсірді»**.(Әс-сильсиля әс-сахиха, 2/679). Басқа бір риуаятта: **«Худ, Уақиға, Мурсалат, Наба, Тәкуир сүрелері»**. Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 3297) риуаят етті. "әс-Сильсиля әс-сахиха" деген кітапта да бар (955).Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жүрегін өз ауырлығымен толтырған ұлы жүктемелер мен иман шындықтарын қамтыған бұл сүрелердің әсері Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шашынан, денесінен көрініс тапты.Сол сияқты сахабалар да Құран жайлы ойланып, одан қатты әсер алатын.Мәселен, Әбу Бакр (оған Аллаһ разы

болсын) жүрегі жұмсақ адам болған. Ол жамағатпен намазға тұрып Құран аяттарын оқығанда, өзін-өзі ұстай алмай, жылап жіберетін. Ал, Омар ибн Хаттаб (оған Аллаһ разы болсын) мына Құран аяттарынан әсерленіп, төсек тартып жатып қалған: **«Сөзсіз Раббыңның азабы болады. Оны тойтарушы жоқ».(**Ибн Кәсир тәпсірінде келген мағлұматтар, 7/406).Сондай-ақ Омар ибн Хаттаб (оған Аллаһ разы болсын) Құрандағы Яғқуб (оған Аллаһтың сәлемі болсын) жайында мына аятын оқығанда, оның ыңырсып жылаған дауысын намаздың соңғы саптарында тұрған кісілерге дейін естігендігі айтылады: **«Мен күйзелісімді де күйінішімді де Аллаһқа ғана шағамын».** Ибн Жәузидің "Манақибу Умар" кітабынан (167).Ал, Осман ибн Аффан (оған Аллаһ разы болсын): «Егер де біздің жүректеріміз тазарса, Аллаһтың сөзіне (тыңдауға) тоймас еді». Кейін өзі шахид болғанда, оның қаны Құран үстінен табылған. Расында сахабалар жайында айтылған мұндай әңгімелерді көптеп айтуға болады.Мысалы: Айюб (оған Аллаһ разы болсын): «Мен Сағид ибн Жубейрдің бір намазда мына аятты жиырма шақты рет қайталап оқығанын естідім: **«Аллаһқа қайтарылатын күннен сақсыныңдар»**"Сейр Аъләм ән-нубәлә" (4/324).Бұл Құранның ең соңғы түскен аяты

болатын.«Сонан соң әркімнің еңбегі өздеріне кемітілмей толық беріледі».Ибраһим ибн Башир:«Әли ибн Фудайл Аллаһ Тағаланың мына аятын оқу кезінде жан тапсырды: **«Олардың отқа тоқтатылғанын көрсең: Әттең! Біз дүниеге қайтарылсақ...»,деген аятын оқу кезінде жан тапсырды. Мен ол кісінің жаназасына қатыстым»**"Сейр Аъләм ән-нубәлә" (4/446).Сондай-ақ олардың жағдайлары тиләуат сәждесін орындау кезінде де осындай болатын. Бір кісі Аллаһ Тағаланың мына аятын оқып:

**«Олар жылап етпеттерінен түседі. Бұл олардың ықыластарын арттырады»(Исра сүресі, 109 аят),**

деген аятты оқып, сосын тиләуат сәждесін жасап: «Сәждені жасадым, ал енді жылау қайда кетті?!» - деп өзін-өзі айыптаған екен.

Зейін қойып, ойланудың ең абзалы – Құран Кәрімде келтірілген мысалдар жайында ой жүгірту. Себебі, Аллаһ Тағала мысалдарды келтіргенде бізді ойлануға, еске алуға үндейді. Бұған дәлел ретінде мына аяттарды келтіруге болады:«Аллаһ адам баласына насихат алу үшін мысал келтірді».Және Аллаһ Тағала айтты:«Бұл мысалдарды адам баласы түсінсін деп келтіреміз».Бірде бір кісі Құрандағы мысал жайлы

ойланып, оның мән-мағынасын түсінбей жылапты. Ол кісіден не үшін жылағандығын сұрағанда,әлгі адам: «Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿وَتِلْكَ ٱلْأَمْثَٰلُ نَضْرِبُهَا لِلنَّاسِ ۖ وَمَا يَعْقِلُهَآ إِلَّا ٱلْعَٰلِمُونَ ﴿٤٣﴾﴾ [العنكبوت: 43]

**«Міне, осы мысалдарды адамдар үшін келтіреміз. Бірақ оларды білгендер ғана түсінеді»(Ғанкабут сүресі, 43 аят)**

Мен осы мысалды түсінбедім. Расында мен аятта айтылған «білгендер» қатарында бола алмадым. Білімімнің жоғалып кеткеніне жылап отырмын» - деп жауап қайырған.

Аллаһ Тағала Құранда бізге көптеген мысалдар келтірген: от болып жанғанның мысалы, жеті масақ шығарған бір дәннің мысалы, тілін саландатқан ит туралы, кітаптарды арқалаған есектің мысалы, бұларға қоса шыбын, өрмекші, соқыр мен мылқаудың, естуші мен көрушінің мысалы, жел ұшырып кеткен күлдің мысалы, жақсы тал мен жаман талдың мысалы, аспаннан түсетін су туралы және тағы басқа көптеген Құранда келтірілген мысалдардағы мақсат – оларға ерекше назар аударып, ой жүгірту.

Ибн әл-Қайим: «Иман әлсіздігінің Құранмен емдеу үшін мұсылманға не істеу керек екенін баяндай келе былай түсіндіреді: «Оның шешімі екі нәрседе: біріншісі – жүрегіңді дүние тіршілігінен арылтып, Ақырет дүниесінде орнатудың. Кейін бүкіл ықыласыңды Құранның мән-мағыналарына, олар жайлы ойлануға, түсінуге арна да, Құранның әрбір аятынан өз несібеңді алуға тырыс. Сосын сол алғаныңды жүректі емдеуге қой. Егер сол аят жүректің дертіне қонса, Аллаһтың көмегімен ол емделіп кетеді»

Аллаһ Тағаланың ұлықтығын сезіну Аллаһ Тағаланың көркем есімдері мен Өзіне ғана тән сипаттарын жай біліп қоймай, олардың мән-мағыналарын жете үйрену. Мұндай сезімнің жүрекке қонып, ішкі дүниеңе, дене мүшелеріне таралуы жүректің түсінгені бойынша амал қылғаныңды білдіреді. Себебі, жүрек олардың қожайыны. Бұлардың барлығы жүректің иелігінде. Ал, басқа дене мүшелері оның әскерлері мен ілесушілері іспеттес. Егер жүрек сау болса – дене мүшелері де сау болады. Ал, егер жүрек бұзылса, олар да бұзылады.

Аллаһтың Ұлылығы жайлы Құран Кәрім аяттары мен көптеген хадистерде айтылады. Егер мұсылман адам олар жайында ойланса, жүрегі тебіреніп, жаны Ұлы Аллаһқа – Толық Естуші, Білушіге бойұсынады.

Алғашқылардың да, соңғылардың Раббысына жалбарынуы арта түседі. Аллаһ Тағаланың көптеген көркем есімдері мен пәк сипаттары бар. Ол Ұлы, Қорғаушы, Күшті, Барлық нәрсеге толық күші Жетуші, Үлкен, Ұлық.Ол – Тірі, ешқашан да өлмейді. Мәңгі жасаушы. Ал, жындар мен адамдар өледі.Аллаһ құлдарының үстінен Басқарушы. Оған найзағай мадақ айтып, Оны пәктейді. Сондай-ақ Оны періштелер де мадақтайды.Ол – Күшті кек иесі. Ол – ұйықтамайды да қалғымайды.Оның білімі барлық нәрселерден кең.Аллаһ көздің қиянатын, жүректің жасырғандарын біледі.Аллаһ Тағала өзінің білімін Құран Кәрімде былай деп сипаттайды:

﴿۞ وَعِندَهُۥ مَفَاتِحُ ٱلۡغَيۡبِ لَا يَعۡلَمُهَآ إِلَّا هُوَۚ وَيَعۡلَمُ مَا فِي ٱلۡبَرِّ وَٱلۡبَحۡرِۚ وَمَا تَسۡقُطُ مِن وَرَقَةٍ إِلَّا يَعۡلَمُهَا وَلَا حَبَّةٖ فِي ظُلُمَٰتِ ٱلۡأَرۡضِ وَلَا رَطۡبٖ وَلَا يَابِسٍ إِلَّا فِي كِتَٰبٖ مُّبِينٖ ٥٩﴾ [الأنعام: 59]

**«Көместің кілттері Оның жанында. Оны Ол, Өзі ғана біледі. Және құрлықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де, Аллаһ оны біледі. Және жердің қараңғылықтарындағы құрғақ және жас ұрыққа дейін ашық Кітапта бар»(Анғам сүресі, 59 аят)**

Ал ұлылығы жайлы:

﴿وَمَا قَدَرُواْ ٱللَّهَ حَقَّ قَدۡرِهِۦ وَٱلۡأَرۡضُ جَمِيعٗا قَبۡضَتُهُۥ يَوۡمَ ٱلۡقِيَٰمَةِ وَٱلسَّمَٰوَٰتُ مَطۡوِيَّٰتُۢ بِيَمِينِهِۦۚ سُبۡحَٰنَهُۥ وَتَعَٰلَىٰ عَمَّا يُشۡرِكُونَ ٦٧﴾ [الزمر: 67]

**«(Олар) Аллаһты шын мәнінде қадірлей алмады. Негізінде Қиямет күні оның уысында. Және көктер де Оның оң қолымен бүктеледі. Ол олардың қосқан ортақтарынан пәк. Әрі жоғары»(Зумәр сүресі, 67 аят)"**

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: **«Қиямет күні Аллаһ бүкіл жерді ұстап, барлық аспандарды оң қолына сыйғызып алады да кейін Ол: «Мен Патшамын. Жердің патшалары қайда?» - дейді».**Хадисті әл-Бұхари (6947) риуаят етті.Мұса Пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) жайлы мына оқиғаны естіген кезде тұла бойың сыздап, жүрегің дір ете түседі.«(Мұса): Раббым маған өзіңді көрсет. Сені көрейін» - деді.Сонда Аллаһ:«Мені, әсте көре алмайсың; Бірақ тауға қара сонда егер ол орнында тұра алса, сен де Мені көресің», - деді. Сонда Раббы тауға елестеген сәтте, оны быт-шыт қылды. Мұса да талып түсті. Есі кіре сала:

﴿وَلَمَّا جَآءَ مُوسَىٰ لِمِيقَٰتِنَا وَكَلَّمَهُۥ رَبُّهُۥ قَالَ رَبِّ أَرِنِيٓ أَنظُرۡ إِلَيۡكَۚ قَالَ لَن تَرَىٰنِي
وَلَٰكِنِ ٱنظُرۡ إِلَى ٱلۡجَبَلِ فَإِنِ ٱسۡتَقَرَّ مَكَانَهُۥ فَسَوۡفَ تَرَىٰنِيۚ فَلَمَّا تَجَلَّىٰ رَبُّهُۥ لِلۡجَبَلِ
جَعَلَهُۥ دَكّٗا وَخَرَّ مُوسَىٰ صَعِقٗاۚ فَلَمَّآ أَفَاقَ قَالَ سُبۡحَٰنَكَ تُبۡتُ إِلَيۡكَ وَأَنَا۠ أَوَّلُ
ٱلۡمُؤۡمِنِينَ ١٤٣﴾ [الأعراف: 143]

**"Сен пәксің, Саған тәубе еттім, әрі мен сенушілердің алғашқысымын", - деді» (Ағраф сүресі, 143 аят).**

Осы аятты Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) түсіндіріп жатқан кезінде қолыменбылай көрсетті: бас бармағын шынашағының ең жоғарғы буынына қойып: «Тау түсіп кетті».Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 3074) және Ахмад (3/125, 209) риуаят етті. Ибн Кәсир бұл хадистің келу жолдарын тәпсірінде көрсеткен (3/466).Ибн Қайим: "Муслимнің шартымен бұл хадис сенімді болып саналады", - деген. Әбу Асымның "Тахриж әс-сунна" кітабында, әл-Альбани оны сенімді деді (480).Аллаһ Тағала былай деді:«Пердесі нұр, егер оны ашса, Оның назары түскен мақұлықты (Аллаһтың) жүзінің нұры өртте п жіберер еді»Хадисті Муслим (нөмірі: 197) риуаят етті.Аллаһтың ұлықтығы жайында Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Егер**

**Аллаһ аспанда бір бұйрық берсе, періштелер Оның сөзіне бойұсынып, қанаттарын қағады. Ол жар тас үстіндегі шынжыр секілді. Егер олардың жүректері қорқынышты сезсе, «Раббыларың не деді?» - деп сұрайды. Сонда Ол ақиқатты айтты. Сондай-ақ Ол – Ұлы, Жоғары».**Хадисті әл-Бұхари (7043) риуаят етті.

Міне, бұл мәселелерге қатысты айтылғандар өте көп. Мақсат – осылар жайында ойланумен қатар Аллаһтың ұлылығын сезіну. Бұл иманның әлсіздігін емдеудегі ең пайдалы емдердің бірі.

Ибн әл-Қайим Аллаһтың ұлылығын мынадай әдемі сөзбен сипаттайды: «Мемлекеттердің жағдайларын реттейді, бұйырады, қайтарады, жаратады, ризықтандырады, өлтіреді, тірілтеді, күшейтеді, әлсіретеді, күн мен түнді ауыстырады, адамдардың араларын жақындастырады, мемлекеттерді ауыстырып тұрады: бір мемлекеттің орнына басқа бір мемлекетті алып келеді. Оның бұйрығы мен билігі аспанға және олардың жан-жақтарына, жерге және оның асты-үстіне, ауаға және теңіздерге жүреді. Барлық нәрсені білімімен қамтыған. Сондай-ақ барлық нәрсені санап шыққан, оның естуі анық дауыстарды

қамтыған және оған ешбір дауыс ұқсамаған. Ол барлық дауыстардың дыбыстарына, тілдердің ерекшеліктеріне қарамастан естиді. Бір дыбысты естуге екінші бір дыбыс кедергі болмайды. Мәселелердің көптігі Оны жаңылдырмайды. Мұқтаждардың қайта-қайта қажеттерін сұрауы Оны шаршатпайды. Оның назары барлық нәрселерді көреді. Қараңғы түнде, қара тастың үстіндегі қара құмырсқаның жүріп бара жатқанын көреді. Оның алдында ғайып көрініп тұрады. Оның алдында жасырын, құпия нәрсе айқын болып тұрады: «Көктердегі әрі жердегі әркім Одан сұрайды, Ол әр күні шұғылдануда»Күнәні жарылқап, қайғыны жеңілдетеді және қасіретті жояды. Сынықты түзулеп, кедейді байытады. Адасқанды тура жолға салып, қайғырғанға көмек береді. Аш адамды тамақтандырады. Жалаңашты киіндіреді, науқасты емдейді, тәубені қабыл етеді, жақсылық істегеннің сауабын береді. Зұлымдық шеккенге көмек береді. Тәкаппарларды басады. Ұятты жерді жабады. Қорқыныштан сақтайды, Қауымдарды көтереді, ал кейбір қауымдарды өшіреді.Ал егер де оның аспандары мен жерінің тұрғындары, ең бірінші немесе ең соңғы мақұлығы немесе жындардың ішіндегі – ең тақуа адам жүрегінде болса да Оның мүлкіне еш нәрсе қосылмас еді. Егер де ең алғашқысы болсын, ең

соңғысы болсын адамдары немесе жындары – ең жаманының жүрегінде болса да оның мүлкіне ешбір нәрсе кемімес еді. Егер аспандарының және жерінің тұрғындары жындары және адамдары, тірілері және өліктері, жастары және қарттары – барлығы бір кезде, бір жерде тұрып Одан сұраса, Ол олардың әр қайсысына берер еді де, Оның алдынан шаңның тозаңындай нәрсе кемімес еді. Одан бұрын еш нәрсе де болмаған. Ол ең соңғысы. Одан кейін еш нәрсе болмайды. Ол патша, Оның ортағы жоқ. Ол – біреу, теңі жоқ. Ол – мұңсыз, баласы жоқ. Ол – ұлық, ұқсасы жоқ. Одан басқаның барлығы өледі. Оның мүлкінен басқаның барлығы өшеді.Оның рұқсатымен ғана бойұсыну болады. Білімімен бойұсынбағанды біледі. Оған бойұсынылса – еселеп қайтарады. Ол – кешіреді. Одан болған әрбір өш алу – әділдік. Аллаһтан болған әрбір нығмет – Оның кеңшілігі. Ол ең жақын куәгер, әрі сақтаушылардың ең жақсысы. Кекілдерден алады, өткендерді жазады. Ажалдарды белгілейді. Жүректер оған ашық тұр. Жасың Оған айқын тұр. Бергені – сөз. Азабы да бір сөз: **«Шын мәнінде Ол әрбір істің болуын қаласа, Оның бұйрығы Оған «бол» деу, ол бола қалады»**.("Әл-Уәбиль әс-саиб" кітабынан: 125 бет).Діни білім іздену. Білім іздену Аллаһтан қорқуға

және иманның көбеюіне алып келеді. Аллаһ Тағала айтқандай:«Шын мәнінде құлдарының ғалымдары Аллаһтан қорқады»Білетіндер мен білмейтіндер иман жағынан тең емес. Шариғатты, куәлік сөзінің мағынасын, қабір азабын, қиямет күнінің жағдайларын, жәннаттың рахатын, тозақтың азабын, хәләл мен харамдағы шариғат даналығын, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаянын толық білетінадам мен дінді, оның үкімдерін, діндегі өз орнын білмейтін адам қалайша тең болсын? Оның ақиқат білімінен алатын үлесі азғантай болады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:«Білгендер мен білмегендер тең бола ала ма?»Аллаһты еске салатын дәрістерге, бас қосуларға әрдайым қатысу.Бұл бірнеше себептер бойынша иманның күшеюіне алып келеді. Ол адам Аллаһты еске алғандықтан, оның үстіне мейірім жауып, жаны тыныштық тауып, әрі оларды періштелер қоршап тұрады. Аллаһ оларды Өз құзырындағылардың қасында есіне алады. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:«Бір қауым Аллаһты еске алуға отырса, оларды періштелер қоршап тұрады, олардың үстіне мейірім жауады, оларға тыныштық түседі, Аллаһ оларды Өзінің алдындағылардың қасында есіне алады»Сахих

Муслим (нөмірі: 2700).Сондай-ақ Сәһл ибн Ханзалидан:"Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: **«Қандай да бір қауым Аллаһты еске алуға жиналып, кейін тарқаса, оларға: «Күнәларың кешірілген түрде тұрыңдар»"**Сахих әл-жәмиғ" (5507).Ибн Хажар былай дейді: **«Аллаһты еске алу дегеніміз – міндеттелген немесе жасалынуы абзал амалдарды үздіксіз орындау. Мысалы, Құран немесе хадис оқу, білім іздену»**"Фәтх әл-Бәри" кітабынан (11/209).Яғни, Аллаһты еске алатын жиындар иманды көбейтеді. Имам Муслим жеткізген сахих хадисте Ханзала Усайди былай дейді: «Мен әбу Бәкірді кездестірдім, ол маған: «Ханзала, қалайсың?» – деді. Мен: «Ханзала екі жүзді болды», - дедім. Ол: «СубханАллах! Сен не деп тұрсың?» - деді. Мен: «Біз Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алдында болған кезде ол бізге жәннат, тозақ жайлы еске түсіреді де біз оларды өз көзімізбен көргендей боламыз. Ал егер оның алдынан шықсақ – әйел, бала-шаға, мал-дүниемен айналысып кетеміз. Сөйтіп, көп нәрсені ұмытамыз», - дедім. Сонда Әбу Бәкір айтты: «Аллаһпен ант етемін, біз де сондай боламыз». Кейін екеуміз Аллаһ елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен

сәлемі болсын) бардық та: «Я Аллаһтың Елшісі! Ханзала екі жүзді болды», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Ол не дегенің?» - деді. Мен (Ханзала өзін айтып тұр) айттым: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Біз сіздің қасыңызда болғанымызда сіз жәннатты, тозақты айтасыз. Біз оны көзбен көргендей боламыз. Ал шыққанда – әйел, бала-шаға, мал-дүниемен айналысып, көп нәрсені ұмытып кетеміз». Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Жаным (Аллаһтың) қолында болғанмен ант етемін. Менің алдымда Аллаһты еске алуды дәл солай жалғастыра берсеңдер, сендермен періштелер төсектеріңде де, жолдарыңда да амандасатын болады. Бірақ, ей, Ханзала, жиі-жиі», - деп үш рет айтты»** Сахих Муслим (нөмірі: 2750) Сахабалар Аллаһты еске алуды иман деп біліп, соған қатты ұмтылған. Бірде Муаз ибн Жәбәл бір кісіге былай депті: «Бізбен бірге отырыңыз, біраз Аллаһты еске алайық»Иснәді сенімді:"Иманның төрт мәселесі", әл-Албанидің тексерісімен, 72 бет.Ізгі амалдарды көбейтіп, солармен көп уақытты өткізу Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына сұрақтар қойғанда Әбу Бәкір Сыддықты үлгі ретінде келтіретін. Пайғамбарымыз

(оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бірде: «Бүгін қайсыбірің ораза тұттыңдар?» – деді. Әбу Бәкір: «Мен!» - деп жауап берді. «Бүгін қайсыбірің міскінді тамақтандырдыңдар?» - дегенінде, Әбу Бәкір: «Мен!» - деді. «Бүгін қайсыбірің науқастың көңілін сұрап бардыңдар?» - деп сұраса Әбу Бәкір тағы да: «Мен!» - дейді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кімнің бойында осы амалдар жиылса, ол жәннатқа кіреді», - деген.Хадисті Муслим ("Фадаиль әс-сахаба", 1 тарау, 12 хадис) риуаят етті.Бұл оқиға Әбу Бәкір Сыддықтың уақытты тиімді пайдалануға, түрлі ғибадаттарды орындауға қатты ұмтылғанын көрсетеді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сұрақтарына бірден жауап қайтаруы Әбу Бәкірдің күндері ғибадатқа толы екендігін білдіреді.Сондай-ақ сахабалардан кейінгі ізгі мұсылмандар да уақыттарын жақсы амалдарды орындаумен өткізген. Бұған имам Абдуррахман Маһдидің Хаммад ибн Сәләмә жайлы былай деді: **«Егер Хамад ибн Сәләмаға сен ертең өлесің делінсе, ол амалдарына ешбір амал қоса алмас еді».**"Сейр Аъләм ән-нубәлә" (7/447).

«Мемлекеттердің жағдайларын реттейді, бұйырады, қайтарады, жаратады, ризықтандырады, өлтіреді,

тірілтеді, күшейтеді, әлсіретеді, күн мен түнді ауыстырады, адамдардың араларын жақындастырады, мемлекеттерді ауыстырып тұрады: бір мемлекеттің орнына басқа бір мемлекетті алып келеді. Оның бұйрығы мен билігі аспанға және олардың жан-жақтарына, жерге және оның асты-үстіне, ауаға және теңіздерге жүреді. Барлық нәрсені білімімен қамтыған. Сондай-ақ барлық нәрсені санап шыққан, оның естуі анық дауыстарды қамтыған және оған ешбір дауыс ұқсамаған. Ол барлық дауыстардың дыбыстарына, тілдердің ерекшеліктеріне қарамастан естиді. Бір дыбысты естуге екінші бір дыбыс кедергі болмайды. Мәселелердің көптігі Оны жаңылдырмайды. Мұқтаждардың қайта-қайта қажеттерін сұрауы Оны шаршатпайды. Оның назары барлық нәрселерді көреді. Қараңғы түнде, қара тастың үстіндегі қара құмырсқаның жүріп бара жатқанын көреді. Оның алдында ғайып көрініп тұрады. Оның алдында жасырын, құпия нәрсе айқын болып тұрады:

«Көктердегі әрі жердегі әркім Одан сұрайды, Ол әр күні шұғылдануда»

Күнәні жарылқап, қайғыны жеңілдетеді және қасіретті жояды. Сынықты түзулеп, кедейді байытады. Адасқанды тура жолға салып, қайғырғанға көмек

береді. Аш адамды тамақтандырады. Жалаңашты киіндіреді, науқасты емдейді, тәубені қабыл етеді, жақсылық істегеннің сауабын береді. Зұлымдық шеккенге көмек береді. Тәкаппарларды басады. Ұятты жерді жабады. Қорқыныштан сақтайды, Қауымдарды көтереді, ал кейбір қауымдарды өшіреді.

Ал егер де оның аспандары мен жерінің тұрғындары, ең бірінші немесе ең соңғы мақұлығы немесе жындардың ішіндегі – ең тақуа адам жүрегінде болса да Оның мүлкіне еш нәрсе қосылмас еді. Егер де ең алғашқысы болсын, ең соңғысы болсын адамдары немесе жындары – ең жаманының жүрегінде болса да оның мүлкіне ешбір нәрсе кемімес еді. Егер аспандарының және жерінің тұрғындары жындары және адамдары, тірілері және өліктері, жастары және қарттары – барлығы бір кезде, бір жерде тұрып Одан сұраса, Ол олардың әр қайсысына берер еді де, Оның алдынан шаңның тозаңындай нәрсе кемімес еді. Одан бұрын еш нәрсе де болмаған. Ол ең соңғысы. Одан кейін еш нәрсе болмайды. Ол патша, Оның ортағы жоқ. Ол – біреу, теңі жоқ. Ол – мұңсыз, баласы жоқ. Ол – ұлық, ұқсасы жоқ. Одан басқаның барлығы өледі. Оның мүлкінен басқаның барлығы өшеді.

Оның рұқсатымен ғана бойұсыну болады. Білімімен бойұсынбағанды біледі. Оған бойұсынылса – еселеп қайтарады. Ол – кешіреді. Одан болған әрбір өш алу – әділдік. Аллаһтан болған әрбір нығмет – Оның кеңшілігі. Ол ең жақын куәгер, әрі сақтаушылардың ең жақсысы. Кекілдерден алады, өткендерді жазады. Ажалдарды белгілейді. Жүректер оған ашық тұр. Жасың Оған айқын тұр. Бергені – сөз. Азабы да бір сөз: **«Шын мәнінде Ол әрбір істің болуын қаласа, Оның бұйрығы Оған «бол» деу, ол бола қалады».**

("Әл-Уәбиль әс-саиб" кітабынан: 125 бет).

Діни білім іздену. Білім іздену Аллаһтан қорқуға және иманның көбеюіне алып келеді. Аллаһ Тағала айтқандай:

«Шын мәнінде құлдарының ғалымдары Аллаһтан қорқады»

Білетіндер мен білмейтіндер иман жағынан тең емес. Шариғатты, куәлік сөзінің мағынасын, қабір азабын, қиямет күнінің жағдайларын, жәннаттың рахатын, тозақтың азабын, хәләл мен харамдағы шариғат даналығын, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаянын толық білетін

адам мен дінді, оның үкімдерін, діндегі өз орнын білмейтін адам қалайша тең болсын? Оның ақиқат білімінен алатын үлесі азғантай болады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

**«Білгендер мен білмегендер тең бола ала ма?»**

Аллаһты еске салатын дәрістерге, бас қосуларға әрдайым қатысу.Бұл бірнеше себептер бойынша иманның күшеюіне алып келеді. Ол адам Аллаһты еске алғандықтан, оның үстіне мейірім жауып, жаны тыныштық тауып, әрі оларды періштелер қоршап тұрады. Аллаһ оларды Өз құзырындағылардың қасында есіне алады. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

**«Бір қауым Аллаһты еске алуға отырса, оларды періштелер қоршап тұрады, олардың үстіне мейірім жауады, оларға тыныштық түседі, Аллаһ оларды Өзінің алдындағылардың қасында есіне алады»**

Сахих Муслим (нөмірі: 2700).

Сондай-ақ Сәһл ибн Ханзалидан:

"Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

**«Қандай да бір қауым Аллаһты еске алуға жиналып, кейін тарқаса, оларға: «Күнәларың кешірілген түрде тұрыңдар»**

"Сахих әл-жәмиғ" (5507).

Ибн Хажар былай дейді:

**«Аллаһты еске алу дегеніміз – міндеттелген немесе жасалынуы абзал амалдарды үздіксіз орындау. Мысалы, Құран немесе хадис оқу, білім іздену»**

"Фәтх әл-Бәри" кітабынан (11/209).

Яғни, Аллаһты еске алатын жиындар иманды көбейтеді. Имам Муслим жеткізген сахих хадисте Ханзала Усайди былай дейді: «Мен әбу Бәкірді кездестірдім, ол маған: «Ханзала, қалайсың?» – деді. Мен: «Ханзала екі жүзді болды», - дедім. Ол: «СубханАллах! Сен не деп тұрсың?» - деді. Мен: «Біз Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алдында болған кезде ол бізге жәннат, тозақ жайлы еске түсіреді де біз оларды өз көзімізбен көргендей боламыз. Ал егер оның алдынан шықсақ – әйел, бала-шаға, мал-дүниемен айналысып кетеміз. Сөйтіп, көп нәрсені ұмытамыз», - дедім. Сонда Әбу

Бәкір айтты: «Аллаһпен ант етемін, біз де сондай боламыз». Кейін екеуміз Аллаһ елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бардық та: «Я Аллаһтың Елшісі! Ханзала екі жүзді болды», - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Ол не дегенің?» - деді. Мен (Ханзала өзін айтып тұр) айттым: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Біз сіздің қасыңызда болғанымызда сіз жәннатты, тозақты айтасыз. Біз оны көзбен көргендей боламыз. Ал шыққанда – әйел, бала-шаға, мал-дүниемен айналысып, көп нәрсені ұмытып кетеміз». Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

**«Жаным (Аллаһтың) қолында болғанмен ант етемін. Менің алдымда Аллаһты еске алуды дәл солай жалғастыра берсеңдер, сендермен періштелер төсектеріңде де, жолдарыңда да амандасатын болады. Бірақ, ей, Ханзала, жиі-жиі», - деп үш рет айтты»**

Сахих Муслим (нөмірі: 2750)

Сахабалар Аллаһты еске алуды иман деп біліп, соған қатты ұмтылған. Бірде Муаз ибн Жәбәл бір кісіге былай депті:

## «Бізбен бірге отырыңыз, біраз Аллаһты еске алайық»

Иснәді сенімді:

"Иманның төрт мәселесі", әл-Албанидің тексерісімен, 72 бет.

Ізгі амалдарды көбейтіп, солармен көп уақытты өткізу Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына сұрақтар қойғанда Әбу Бәкір Сыддықты үлгі ретінде келтіретін. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бірде: «Бүгін қайсыбірің ораза тұттыңдар?» – деді. Әбу Бәкір: «Мен!» - деп жауап берді. «Бүгін қайсыбірің міскінді тамақтандырдыңдар?» - дегенінде, Әбу Бәкір: «Мен!» - деді. «Бүгін қайсыбірің науқастың көңілін сұрап бардыңдар?» - деп сұраса Әбу Бәкір тағы да: «Мен!» - дейді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кімнің бойында осы амалдар жиылса, ол жәннатқа кіреді», - деген.

Хадисті Муслим ("Фадаиль әс-сахаба", 1 тарау, 12 хадис) риуаят етті.

Бұл оқиға Әбу Бәкір Сыддықтың уақытты тиімді пайдалануға, түрлі ғибадаттарды орындауға қатты ұмтылғанын көрсетеді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сұрақтарына бірден жауап қайтаруы Әбу Бәкірдің күндері ғибадатқа толы екендігін білдіреді.

Сондай-ақ сахабалардан кейінгі ізгі мұсылмандар да уақыттарын жақсы амалдарды орындаумен өткізген. Бұған имам Абдуррахман Маһдидің Хаммад ибн Сәләмә жайлы былай деді:

**«Егер Хамад ибн Сәләмәға сен ертең өлесің делінсе, ол амалдарына ешбір амал қоса алмас еді».**

"Сейр Аъләм ән-нубәлә" (7/447).

Мұсылман ізгі амал істеуде мына нәрселерді есте ұстағаны жөн:

Жақсылық істеуде жарысу. «Раббыларыңның жарылқауына және тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі жер мен көктей жәннатқа жарысыңдар» Және Аллаһ Тағала айтты:«Раббыларынан жарылқауға және кеңдігі жер мен көктің кеңдігіндей жәннатқа жарысыңдар»Бұл аяттар сахабаларды жақсылыққа жарысуға

жігерлендірген.Имам Муслим Әнәс ибн Мәликтен: «Бәдір соғысы кезінде мушриктер жақындаған кезде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты:«Кеңдігі көктер мен жердей жәннатқа тұрыңдар».Сонда Умайр ибн Хаммам: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Жәннаттің кеңдігі көктер мен жердей ме?» - деп сұрады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Иә», - дегенінде Умайр: «О! О!» - деді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Не нәрсе сені «О» дегізді?» - деп сұрағанда: «Аллаһпен ант етемін! Мен жәннат тұрғындарынан болғым келеді», - деді Умайр. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Сен оның тұрғындарынансың!» - деді. Кейін Умайр қалтасынан құрмаларын алып жеп отырды да: **«Егер мен осы құрмаларды жеп тірі отырсам, онда бұл өмір өте ұзақ болар еді» - деді де, құрмаларын тастап, соғысқа шықты. Сол соғыста шахид болды»** Сахих Муслим (1901).Сол сияқты Мұса пайғамбар да (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһты кездестіруге асыққан. Мысалы, Құран Кәрімде:«Раббым! Разы болуың үшін мен Саған асықтым»Аллаһ Тағала Зәкәрия (оған Аллаһтың сәлемі болсын) және оның жанұясын былай

мадақтайды:«...бұлар жақсылықтарға ұмтылатын еді. Бізден үміт пен қорқу арасында тілейтін еді де, Бізге бәйек болатын»Пайғамбар, (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), былай деді: **«Асықпаушылық ақырет амалдарынан басқаларында ғана болады»** Хадисті Әбу Дәуіт ("Сунан" 5/157) риуаят етті. Және ол "Сахих әл-Жәмиъте" (нөмірі3009).Ізгі амалдарды орындау.Құдси хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):«Аллаһ айтады: **«Менің құлым оны сүйгенімше нәпілдермен жақындай береді»** Сахих әл-Бұхари (6137).Тұрақтылыққа көрсететін тағы бір сөзі: Пайғамбар, оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын, былай деді: **«Қажылық пен умраны үздіксіз (бірінен соң бірін) орындап жүріңдер»** Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 810) риуаят етті.»әс-Сильсиля әс-сахиха" деген кітапта да бар (1200).Бұл амалдар иманды күшейту, нәпсіге немқұрайлы қарамауға маңызды пайда әкеледі. Себебі, аз болса да, үздіксіз орындалатын амал-кейде ғана жасалатын көп амалдан артық.Үздіксіз жақсы амалды жасау иманды күшейтеді. Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Амалдарың ішінде Аллаһқа ең сүйіктісі қайсысы?» - деп сұрағанда**

**Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Аз болса да, ұдайы жасалғаны»,** - деп жауап берген.Хадисті әл-Бұхари ("Фәтх", 11/194) риуаят етті."Пайғамбар бір амалды істесе, толық орындайтын"Хадисті Муслим ("Мүсәпірлер намазы" кітабында, 18 тарау, 141 хадис) риуаят етті.

«Раббыларыңның жарылқауына және тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі жер мен көктей жәннатқа жарысыңдар»

Және Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыларынан жарылқауға және кеңдігі жер мен көктің кеңдігіндей жәннатқа жарысыңдар»

Бұл аяттар сахабаларды жақсылыққа жарысуға жігерлендірген.

Имам Муслим Әнәс ибн Мәликтен: «Бәдір соғысы кезінде мушриктер жақындаған кезде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты:

«Кеңдігі көктер мен жердей жәннатқа тұрыңдар».

Сонда Умайр ибн Хаммам: **«Ей, Аллаһтың Елшісі! Жәннаттің кеңдігі көктер мен жердей ме?» - деп сұрады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың**

**салауаты мен сәлемі болсын): «Иә», - дегенінде Умайр: «О! О!» - деді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Не нәрсе сені «О» дегізді?» - деп сұрағанда: «Аллаһпен ант етемін! Мен жәннат тұрғындарынан болғым келеді», - деді Умайр. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Сен оның тұрғындарынансың!» - деді. Кейін Умайр қалтасынан құрмаларын алып жеп отырды да: «Егер мен осы құрмаларды жеп тірі отырсам, онда бұл өмір өте ұзақ болар еді» - деді де, құрмаларын тастап, соғысқа шықты. Сол соғыста шахид болды»**

Сахих Муслим (1901).

Сол сияқты Мұса пайғамбар да (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһты кездестіруге асыққан. Мысалы, Құран Кәрімде:

«Раббым! Разы болуың үшін мен Саған асықтым»

Аллаһ Тағала Зәкәрия (оған Аллаһтың сәлемі болсын) және оның жанұясын былай мадақтайды:

«...бұлар жақсылықтарға ұмтылатын еді. Бізден үміт пен қорқу арасында тілейтін еді де, Бізге бәйек болатын»

Пайғамбар, (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), былай деді:

**«Асықпаушылық ақырет амалдарынан басқаларында ғана болады»**

Хадисті Әбу Дәуіт ("Сунан" 5/157) риуаят етті. Және ол "Сахих әл-Жәмиъте" (нөмірі3009).

Ізгі амалдарды орындау.Құдси хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

**«Аллаһ айтады: «Менің құлым оны сүйгенімше нәпілдермен жақындай береді»**

Сахих әл-Бұхари (6137).

Тұрақтылыққа көрсететін тағы бір сөзі:

Пайғамбар, оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын, былай деді:

**«Қажылық пен умраны үздіксіз (бірінен соң бірін) орындап жүріңдер»**

Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 810) риуаят етті. "әс-Сильсиля әс-сахиха" деген кітапта да бар (1200).

Бұл амалдар иманды күшейту, нәпсіге немқұрайлы қарамауға маңызды пайда әкеледі. Себебі, аз болса да, үздіксіз орындалатын амал-кейде ғана жасалатын көп амалдан артық.

Үздіксіз жақсы амалды жасау иманды күшейтеді. Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

**«Амалдарың ішінде Аллаһқа ең сүйіктісі қайсысы?» - деп сұрағанда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Аз болса да, ұдайы жасалғаны», - деп жауап берген.**

Хадисті әл-Бұхари ("Фәтх", 11/194) риуаят етті.

"Пайғамбар бір амалды істесе, толық орындайтын"

Хадисті Муслим ("Мүсәпірлер намазы" кітабында, 18 тарау, 141 хадис) риуаят етті.

Амалдарды орындауда ыждағаттылық таныту  Иман әлсіреген уақытта оған бірден ем жүрмейді. Ол біраз уақыт бойы емделіп, жасқсарып кеткенімен, көп ұзамай әлсірейді. Сондықтан иманды үздіксіз оятып

отыру керек. Ал, иман құлшылық етумен артады, күшейеді.

Аллаһ Тағала Өзі жақсы көрген пенделерінің ғибадаттарын былай сипаттаған:

«Шын мәнінде аяттарымызға, өздеріне үгіт берілген кезде сәждеге жығылып, Раббыларын мақтап, пәктейді. Сондай-ақ, тәкаппарланбай иман келтіреді. Олардың жамбастары төсектерінен ажырап (түнде ұйқыдан тұрып) Раббыларынан қорқа – дәмете жалбарынады. Сондай-ақ олар берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды»

Және Аллаһ олар туралы былай деді: «Олар түнде аз ғана ұйықтаушы еді. Олар таң сәрілерде жарылқау тілеуші еді. Олардың малдарына сұраушыға да сұрамағанға да тиесі бар»Өзге мұсылмандардан үлгі алу.Бұрыңғылардың ғибадаттарына назар салу – адам баласын таңдандырады және соларға ілесуге итермелейді. Олар Құранның жетіден бірін күнде оқитын, соғыс болып жатқан түнде де намазға тұратын, абақтыда отырса да Аллаһты еске алып, тәһәжжүд намазын оқитын. Намаздарында сап түзеп, көздерінен жас тамтын және аспан мен жердің жаратылысы жайлы көп ойланатын. Әйел адам сәбиін алдағандай,

әйелдерін алдауға тырысатын: әйелінің ұйықтап қалғанын білсе, оның құшағынан қашып, намазға тұратын. Күндізгі уақыттарын ораза ұстауға, білім ізденуге, үйретуге, жаназа намазына қатысуға, адамдарға көмектесуге көп көңіл бөлетін. Кейбіреулер жылдар өтсе де намаздың алғашқы тәкбіріне кешікпеген, әрі жамағат намазынан қалмаған. Олардың жүректері мешіттерге байланған. Мешітте отырып бір намаздан кейін екінші намазды күткен. Ал егер де олардың бірі қайтыс болса – бауырларының жоғын білдірмей, өзге біреуі оның балаларын жылдар бойы асырап отыратын. Кімде-кімнің жағдайы осы тектес болса оның иманы артқан үстіне арта түседі.Ғибадаттарды шектен тыс ауырлатпау.Ғибадатты үздіксіз орындаудағы мағына – жанды шаршатып, ығырын шығару емес, мақсат – құлшылықты үзбеу. Мұсылман құлшылық етуде шамасынан тыс нәрсені мойнына жүктемеу керек.Бұған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына хадис тәрізді бірнеше хадисі дәлел бола алады:«Шын мәнінде дін жеңіл. Оны кім ұстанса, жеңеді, сол үшін дұрысталыңдар және дайындалыңдар»Сахих әл-Бұхари (39).Тағы бір риуаятта: «орташа, орташамен жетесіңдер».Сахих әл-Бұхари (6099).Әл-Бухари өзінің кітабының «Ғибадатты қиындатудағы мәкруһ

нәрселер» атты бабындаӘнәс ибн Мәликтен жеткен мына бір хадисті келтіреді: «Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үйге кіргенде екі тіректің ортасында байланып тұрған жіпті көрді де: «Бұл қандай жіп?» - деп сұрады. Оған сахабалар: «Бұл Зейнептің жібі. Әлсіреп қалған кезінде сол жіпке сүйенеді», - дейді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Жоқ, шешіңдер оны. Әрбіріңіз өз ынтасымен намаз оқысын. Егер әлсіресе, отырсын», - деген.Сахих әл-Бұхари (1099).Сондай-ақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Абдуллаһ ибн Астың түні бойы намаз оқып, күні бойы ораза ұстап жүргенін білгенде оны сол ісінен тоқтатқан. Бұнысын Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай түсіндірген:«Егер сен оны істесең, көзіңді әлсіретіп, жаныңды шаршатасың», - деп түсіндірген.Бұған қоса, Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):«Өздеріңе шамаларың келетінді жүктеңдер. Шын мәнінде сендер өздеріңді-өздерің мезі қылмасаңдар, Аллаһ сендерді мезі қылмайды. Расында Аллаһ аз болса да, үздіксіз, ұдайы орындалған амалдарды жақсы көреді»Хадисті әл-Бұхари риуаят еткен ("Фәтх" 3/38).Жасалмай қалған ғибадаттардың орнын толтыру. Омар ибн Хаттабтан

(оған Аллаһ разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):«Кімде-кім түнгі Құранын оқудан немесе соның бір бөлігін оқудан ұйықтап қалса, кейін соны таң намазы мен бесін намазының арасында оқыса, оған сол оқығаны-түнде оқығанындай жазылады»Хадисті ән-Нәсәи және басқалары, "Әл-Мужтаба" (2/68) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиғ (1228).Аишадан (оған Аллаһ разы болсын) жеткен хадисте: **«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), егер бір намаз оқыса, оны үздіксіз оқитын. Егер түнгі намаздан ұйықтап яки, науқастанып өткізіп алса, күндіз он екі ракағат намаз оқитын»**.Ахмад (6/95) риуаят етті.Умму Сәләмә Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) аср намазынан кейін екі ракағат намаз оқып жатқанын көргенде, одан осы намаз жайында сұрады. Оған Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)**:«Ей, Әбу Умайаның қызы! Сен асрдан кейінгі екі ракағат намаз жайлы сұрап жатырсың. Абулқайстан маған адамдар келген еді. Олар менің бесіннен кейінгі екі ракағат намазынан бөлді. Міне осы сол намаз»**Хадисті әл-Бұхари риуаят еткен ("Фәтх" 3/105).Егер Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты

мен сәлемі болсын) бесіннің алдындағы төрт ракағат намазды оқи алмай қалса, оларды соңынан оқитын.Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 427) риуаят етті, және "Сахих сунан әт-Тирмизи" кітабында (350) келтірілген.Егер Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бесіннің алдындағы төрт ракағат намазды оқи алмай қалса, оларды бесіннен кейін оқитын."Сахих әл-Жәмиғ" (4759).Келтірілген хадистер сүннет намаздарының қазасын өтеуді нұсқайды.Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) нәпіл оразаның да есесін текке жібермеген. Әсіресе, Шағбан айында көп ораза ұстайтын. Онысын ибн Әл-Қайим үш түрлі себеппен түсіндіреді. Біріншіден, ол кісі әр айдың үш күнінде ораза ұстайтын, екіншіден, кейбір айларда ораза ұстай алмаған болуы мүмкін, үшіншіден, басқа айларда ұстай алмаған оразалардың барлығын парыз оразадан бұрын өтемекші болған.Әбу Дәуіт "Таһзиб сунан" (3/318).Сондай-ақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бірде Рамазан айының соңғы он күнінде иътикаф жасай алмай қалып, келесі жылы жиырма күн иътикаф жасаған."Фәтх әл-Бәри" (4/285).Ғибадаттардың қабыл болмай қалуынан қорқып, олардың қабыл етілуін тілеу.Әрбір мұсылман ғибадаттарды Раббысының қабыл алмай, қайтарып

жіберуінен қорқу керек. Бірде Аиша (оған Аллаһ разы болсын) «Мен Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Расында не берсе де Раббыларына қайтуларынан жүректері қорқып, бергендер»Яғни міндет етілген амалдарын толық орындаса да жүректерінде қобалжу болғандар деген аят турасында «бұлар сондай ішімдік ішіп, ұрлық қылатындар ма?» - деп сұрағанымдаОл былай деді:«Жоқ, әй, Сыддықтың қызы! Олар ораза ұстап, намаз оқып, садақа беретіндер. Сонымен бірге өздерінен қабыл болмай қалуынан қорқатындар. Олар жақсылықтарда жарысатындар»,** - деді.Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 3175) риуаят етті. "әс-Сильсиля әс-сахиха" деген кітапта да бар (1/162).Әбу Дарда:Аллаһ Тағала менің бір намазымды қабыл еткенін білу, маған осы дүние және ондағы нәрселердің барлығынан да артық.Расында Аллаһ былай дейді: «**Аллаһ сөзсіз тақуалардан қабыл етеді»** Ибн Кәсирдің тәпсірінен (3/67).Мүминдердің сипаттарының бірі – Аллаһ Тағаланың ақысы болған міндетінің алдында өзін кіші, төмен санау."Адам туылғаннан қартайып өлгенше дейін бетімен сүйреліп, Аллаһтың разылығында қайтыс болса да, Қиямет күні кемсітіледі"Хадисті Ахмад

"Муснадта" (4/185) риуаят еткен. Және ол "Сахих әл-Жәмиъте" (5249).

**«Олар түнде аз ғана ұйықтаушы еді. Олар таң сәрілерде жарылқау тілеуші еді. Олардың малдарына сұраушыға да сұрамағанға да тиесі бар»**

Өзге мұсылмандардан үлгі алу.Бұрыңғылардың ғибадаттарына назар салу – адам баласын таңдандырады және соларға ілесуге итермелейді. Олар Құранның жетіден бірін күнде оқитын, соғыс болып жатқан түнде де намазға тұратын, абақтыда отырса да Аллаһты еске алып, тәһәжжүд намазын оқитын. Намаздарында сап түзеп, көздерінен жас таматын және аспан мен жердің жаратылысы жайлы көп ойланатын. Әйел адам сәбиін алдағандай, әйелдерін алдауға тырысатын:

әйелінің ұйықтап қалғанын білсе, оның құшағынан қашып, намазға тұратын. Күндізгі уақыттарын ораза ұстауға, білім ізденуге, үйретуге, жаназа намазына қатысуға, адамдарға көмектесуге көп көңіл бөлетін. Кейбіреулер жылдар өтсе де намаздың алғашқы тәкбіріне кешікпеген, әрі жамағат намазынан қалмаған. Олардың жүректері мешіттерге байланған.

Мешітте отырып бір намаздан кейін екінші намазды күткен. Ал егер де олардың бірі қайтыс болса – бауырларының жоғын білдірмей, өзге біреуі оның балаларын жылдар бойы асырап отыратын. Кімде-кімнің жағдайы осы тектес болса оның иманы артқан үстіне арта түседі.

Ғибадаттарды шектен тыс ауырлатпау.Ғибадатты үздіксіз орындаудағы мағына – жанды шаршатып, ығырын шығару емес, мақсат – құлшылықты үзбеу. Мұсылман құлшылық етуде шамасынан тыс нәрсені мойнына жүктемеу керек.

Бұған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына хадис тәрізді бірнеше хадисі дәлел бола алады:

**«Шын мәнінде дін жеңіл. Оны кім ұстанса, жеңеді, сол үшін дұрысталыңдар және дайындалыңдар»**

Сахих әл-Бұхари (39).

Тағы бір риуаятта:

**«орташа, орташамен жетесіңдер».**

Сахих әл-Бұхари (6099).

Әл-Бухари өзінің кітабының «Ғибадатты қиындатудағы мәкруһ нәрселер» атты бабында

Әнәс ибн Мәликтен жеткен мына бір хадисті келтіреді: **«Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үйге кіргенде екі тіректің ортасында байланып тұрған жіпті көрді де: «Бұл қандай жіп?» - деп сұрады. Оған сахабалар: «Бұл Зейнептің жібі. Әлсіреп қалған кезінде сол жіпке сүйенеді», - дейді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Жоқ, шешіңдер оны. Әрбіріңіз өз ынтасымен намаз оқысын. Егер әлсіресе, отырсын»,** - деген.

Сахих әл-Бұхари (1099).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Абдуллаһ ибн Астың түні бойы намаз оқып, күні бойы ораза ұстап жүргенін білгенде оны сол ісінен тоқтатқан. Бұнысын Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай түсіндірген:

«Егер сен оны істесең, көзіңді әлсіретіп, жаныңды шаршатасың», - деп түсіндірген.

Бұған қоса, Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

**«Өздеріңе шамаларың келетінді жүктеңдер. Шын мәнінде сендер өздеріңді-өздерің мезі қылмасаңдар, Аллаһ сендерді мезі қылмайды. Расында Аллаһ аз болса да, үздіксіз, ұдайы орындалған амалдарды жақсы көреді»**

Хадисті әл-Бұхари риуаят еткен ("Фәтх" 3/38).

Жасалмай қалған ғибадаттардың орнын толтыру. Омар ибн Хаттабтан (оған Аллаһ разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

**«Кімде-кім түнгі Құранын оқудан немесе соның бір бөлігін оқудан ұйықтап қалса, кейін соны таң намазы мен бесін намазының арасында оқыса, оған сол оқығаны-түнде оқығанындай жазылады»**

Хадисті ән-Нәсәи және басқалары, "Әл-Мужтаба" (2/68) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиғ (1228).

**Аишадан (оған Аллаһ разы болсын) жеткен хадисте: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың**

**салауаты мен сәлемі болсын), егер бір намаз оқыса, оны үздіксіз оқитын. Егер түнгі намаздан ұйықтап яки, науқастанып өткізіп алса, күндіз он екі ракағат намаз оқитын».**

Ахмад (6/95) риуаят етті.

Умму Сәләмә Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) аср намазынан кейін екі ракағат намаз оқып жатқанын көргенде, одан осы намаз жайында сұрады. Оған Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

**«Ей, Әбу Умайаның қызы! Сен асрдан кейінгі екі ракағат намаз жайлы сұрап жатырсың. Абулқайстан маған адамдар келген еді. Олар менің бесіннен кейінгі екі ракағат намазынан бөлді. Міне осы сол намаз»**

Хадисті әл-Бұхари риуаят еткен ("Фәтх" 3/105).

Егер Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бесіннің алдындағы төрт ракағат намазды оқи алмай қалса, оларды соңынан оқитын.

Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 427) риуаят етті, және "Сахих сунан әт-Тирмизи" кітабында (350) келтірілген.

**Егер Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бесіннің алдындағы төрт ракағат намазды оқи алмай қалса, оларды бесіннен кейін оқитын.**

"Сахих әл-Жәмиғ" (4759).

Келтірілген хадистер сүннет намаздарының қазасын өтеуді нұсқайды.

**Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) нәпіл оразаның да есесін текке жібермеген. Әсіресе, Шағбан айында көп ораза ұстайтын. Онысын ибн Әл-Қайим үш түрлі себеппен түсіндіреді. Біріншіден, ол кісі әр айдың үш күнінде ораза ұстайтын, екіншіден, кейбір айларда ораза ұстай алмаған болуы мүмкін, үшіншіден, басқа айларда ұстай алмаған оразалардың барлығын парыз оразадан бұрын өтемекші болған.**

Әбу Дәуіт "Таһзиб сунан" (3/318).

**Сондай-ақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бірде Рамазан айының соңғы он күнінде иътикаф жасай алмай**

**қалып, келесі жылы жиырма күн иътикаф жасаған.**

"Фәтх әл-Бәри" (4/285).

Ғибадаттардың қабыл болмай қалуынан қорқып, олардың қабыл етілуін тілеу.Әрбір мұсылман ғибадаттарды Раббысының қабыл алмай, қайтарып жіберуінен қорқу керек. Бірде Аиша (оған Аллаһ разы болсын) «Мен Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

«Расында не берсе де Раббыларына қайтуларынан жүректері қорқып, бергендер»

Яғни міндет етілген амалдарын толық орындаса да жүректерінде қобалжу болғандар деген аят турасында «бұлар сондай ішімдік ішіп, ұрлық қылатындар ма?» - деп сұрағанымда

Ол былай деді:

**«Жоқ, әй, Сыддықтың қызы! Олар ораза ұстап, намаз оқып, садақа беретіндер. Сонымен бірге өздерінен қабыл болмай қалуынан қорқатындар. Олар жақсылықтарда жарысатындар», - деді.**

Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 3175) риуаят етті. "әс-Сильсиля әс-сахиха" деген кітапта да бар (1/162).

Әбу Дарда:

Аллаһ Тағала менің бір намазымды қабыл еткенін білу, маған осы дүние және ондағы нәрселердің барлығынан да артық.

Расында Аллаһ былай дейді:

**«Аллаһ сөзсіз тақуалардан қабыл етеді»**

Ибн Кәсирдің тәпсірінен (3/67).

Мүминдердің сипаттарының бірі – Аллаһ Тағаланың ақысы болған міндетінің алдында өзін кіші, төмен санау.

**"Адам туылғаннан қартайып өлгенше дейін бетімен сүйреліп, Аллаһтың разылығында қайтыс болса да, Қиямет күні кемсітіледі"**

Хадисті Ахмад "Муснадта" (4/185) риуаят еткен. Және ол "Сахих әл-Жәмиъте" (5249).

Кімде-кім Аллаһты танып, нәпсісін білсе, оның бүкіл ғибадаттарына адамзат пен жындардың амалдарын қосса да аздық ететінін білер еді. Шынында да Аллаһ

Тағала адам баласының амалдарын өзінің кеңшілігімен ғана қабыл етеді және жомарттығымен сауап жазады.

Ғибадаттардың әр түрлі болуы. Расында Аллаһ мейірімі мен даналығынан ғибадаттарды түрлендіріп қойған.Мәселен, намаз – тәнмен,зекет – мал-мүлікпен, қажылық – тәнмен де малмен де,ал Аллаһты еске алу мен дұға тілеу – тілмен орындалатын ғибадаттар. Оған қоса, ғибадаттар парыз бен сүннетке бөлінсе, сүннеттің өзі бекітілген (сүннет намаздың күніне оқылатын он екі ракағаты) және бекітілмеген (аср намазының алдындағы төрт ракағаты, дұха намаздары) сүннет болып жіктеледі.Сондай-ақ мәртебесі одан жоғары намаздар да бар. Мысалы, екі немесе төрт ракағат болып оқылатын түнгі намаз, немесе бір, үш, бес ракағат болып өтелетін үтір намаздары бірінен-бірі ерекшеленеді.Ғибадаттарды орындап жүрген адам олардың уақыттарына, тәртіптеріне, үкімдеріне қарай түрленетінін айырмашылықтарды байқайды. Мүмкін мұндағы хикмет – адамның шамасына сай болар.Себебі адамдар шамаларына қарай әрқилы болып келеді. Бір адамның істегенін екінші адам істей алмайды. Ғибадаттарының түрелеріне қарай жәннаттің есіктерін де түрлендірген Аллаһ пәк. Әбу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) жеткен мына хадисте

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: «Кім Аллаһ жолында екі әйеліне (тең) шығындалса, ол жәннат есіктерінен былай шақырылады: Әй, Аллаһтың құлы! Бұл істегенің жақсылық. Кім намаз орындап жүргендерден болса, намаз есіктерінен шақырылады. Кім Аллаһ жолында соғысқа шығып жүрген болса, жиһад есігінен шақырылады. Кім ораза ұстап жүргендерден болса, «раййан» есігінен шақырылады. Кім садақа беріп жүргендерден болса, садақа есігінен шақырылады»Хадисті әл-Бұхари (нөмірі: 1798) риуаят еттіМұндағы мақсат – әр ғибадаттың нәпіл түрлерін көбейту. Парыздар – барлық адамдарға бірдей міндетті. Олардың барлығын да орындау керек. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтқан: **«Әке – жәннат есіктерінің ең қайырлысы»** Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 1900) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиғ" кітабында (нөмірі: 7145).Яғни, ата-анаға жақсылық жасау – амалдардың ең абзалы. Ғибадаттарың осындай әртүрлі болуымен және Аллаһтың бұйрықтарына деген ұқыптылықтан кейін, нәпсісіне жеңіл келетін ғибадаттарды орындау арқылы иман ғибадаттардың біреуінен алмаған әсерін ғибадаттың басқа түрінен табуы мүмкін. Бұған мына екі

мысалды келтіруімізге болады: Әбу Зәррдан риуаят етілген хадисте, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:«Үшеуін Аллаһ сүйеді және үшеуін Аллаһ жек көреді. Аллаһ сүйетін үшеудің бірі – бір топ дұшпанға кезігіп достарын қорғап қалу үшін немесе оларға жол ашу үшін басын өлімге тіккен адам, ал екіншісі – бір қауым сапарға шығып, сапарлары ұзап жолда дем алу үшін тоқтап олардың ішінен бірі бөлініп шығып сапарларының сәтті болуы үшін намаз оқып, достарын ояту үшін ояу отырған адам. Үшіншісі – көршісінен жапа шегіп, тіпті оны өлім (алып) не көшіп кеткенге дейін сабырлық танытқан адам»Хадисті Ахмад ("Муснад", 5/151) риуаят етті; бұл хадис "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (3074) келтіріледі.Бір кісі пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келіп, жүрегінің қарайып қалғанына шағымданыпты. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай депті: **«Жүрегіңді жұмсарып, қажетіңе жеткің келеді ме? Онда жетімге мейіріміңді түсіріп, басын сипа, өз тамағыңнан тамақтандыр. Сонда жүрегің жұмсарып, қажетіңе жетесің»** Хадисті әт-Табарани

риуаят етті, және оған ұқсас хадистер де бар. "Әс-сильсиля әс-сахиха" кітабын қараңыз (2/533).

Мәселен, намаз – тәнмен,

зекет – мал-мүлікпен, қажылық – тәнмен де малмен де,

ал Аллаһты еске алу мен дұға тілеу – тілмен орындалатын ғибадаттар. Оған қоса, ғибадаттар парыз бен сүннетке бөлінсе, сүннеттің өзі бекітілген (сүннет намаздың күніне оқылатын он екі ракағаты) және бекітілмеген (аср намазының алдындағы төрт ракағаты, дұха намаздары) сүннет болып жіктеледі.

Сондай-ақ мәртебесі одан жоғары намаздар да бар. Мысалы, екі немесе төрт ракағат болып оқылатын түнгі намаз, немесе бір, үш, бес ракағат болып өтелетін үтір намаздары бірінен-бірі ерекшеленеді.

Ғибадаттарды орындап жүрген адам олардың уақыттарына, тәртіптеріне, үкімдеріне қарай түрленетінін айырмашылықтарды байқайды. Мүмкін мұндағы хикмет – адамның шамасына сай болар.

Себебі адамдар шамаларына қарай әрқилы болып келеді. Бір адамның істегенін екінші адам істей алмайды. Ғибадаттарының түрелеріне қарай жәннаттің

есіктерін де түрлендірген Аллаһ пәк. Әбу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) жеткен мына хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді:

**«Кім Аллаһ жолында екі әйеліне (тең) шығындалса, ол жәннат есіктерінен былай шақырылады: Әй, Аллаһтың құлы! Бұл істегенің жақсылық. Кім намаз орындап жүргендерден болса, намаз есіктерінен шақырылады. Кім Аллаһ жолында соғысқа шығып жүрген болса, жиһад есігінен шақырылады. Кім ораза ұстап жүргендерден болса, «раййан» есігінен шақырылады. Кім садақа беріп жүргендерден болса, садақа есігінен шақырылады»**

Хадисті әл-Бұхари (нөмірі: 1798) риуаят етті

Мұндағы мақсат – әр ғибадаттың нәпіл түрлерін көбейту. Парыздар – барлық адамдарға бірдей міндетті. Олардың барлығын да орындау керек. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтқан:

**«Әке – жәннат есіктерінің ең қайырлысы»**

Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 1900) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиғ" кітабында (нөмірі: 7145).

Яғни, ата-анаға жақсылық жасау – амалдардың ең абзалы. Ғибадаттарың осындай әртүрлі болуымен және Аллаһтың бұйрықтарына деген ұқыптылықтан кейін, нәпсісіне жеңіл келетін ғибадаттарды орындау арқылы иман ғибадаттардың біреуінен алмаған әсерін ғибадаттың басқа түрінен табуы мүмкін. Бұған мына екі мысалды келтіруімізге болады:

Әбу Зәррдан риуаят етілген хадисте, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

**«Үшеуін Аллаһ сүйеді және үшеуін Аллаһ жек көреді. Аллаһ сүйетін үшеудің бірі – бір топ дұшпанға кезігіп достарын қорғап қалу үшін немесе оларға жол ашу үшін басын өлімге тіккен адам, ал екіншісі – бір қауым сапарға шығып, сапарлары ұзап жолда дем алу үшін тоқтап олардың ішінен бірі бөлініп шығып сапарларының сәтті болуы үшін намаз оқып, достарын ояту үшін ояу отырған адам. Үшіншісі – көршісінен жапа шегіп, тіпті оны өлім (алып) не көшіп кеткенге дейін сабырлық танытқан адам»**

Хадисті Ахмад ("Муснад", 5/151) риуаят етті; бұл хадис "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (3074) келтіріледі.

Бір кісі пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келіп, жүрегінің қарайып қалғанына шағымданыпты. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай депті:

**«Жүрегіңді жұмсарып, қажетіңе жеткің келеді ме? Онда жетімге мейіріміңді түсіріп, басын сипа, өз тамағыңнан тамақтандыр. Сонда жүрегің жұмсарып, қажетіңе жетесің»**

Хадисті әт-Табарани риуаят етті, және оған ұқсас хадистер де бар. "Әс-сильсиля әс-сахиха" кітабын қараңыз (2/533).

Бұл иман әлсіздігін емдеуге тікелей мысал болып тұр.

Белгілі бір істің соңы жамандықпен бітуінен қорқу, сақтану Себебі, ол мұсылмандарды бойсұнуға итермелеп, жүректегі иманды жаңартады. Ал, істің соңының жаман болып аяқталуының себептері – иманның әлсіздігі және күнәға бату.Бұл жайында Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі

болсын) былай деген: **«Кім өзін темірмен өлтірсе, сол темірін қолына алады да ішіне қадаған күйде тозақ отында мәңгі-бақи қалады. Кім у ішіп өзін-өзі өлтірсе, тозақ отында соны асықпай ішкен күйде мәңгі болады. Кім өзін таудан тастап өлтірсе, ол мәңгілікке тозақ отына тасталады».**Сахих Муслим (нөмірі: 109).Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) кезінде бір кісі кәпірлермен соғыста жүрген кезінде ол кісідей ешкім соғыспаған. Бірақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ол жайлы былай деген: «**Ол кісі тозақылардан»** Сонда сахабаларының бірі сол кісінің ізінен түседі. Сол уақытта әлгі кісі қатты жарақат алып, ауруына шыдай алмай қылышын көкірегіне қояды да, соның үстіне жатып, өзін-өзі өлтіреді.Бұл қисса әл-Бұхаридің "Сахих" кітабында ("Фатх", 7/471) келтіріледі.Ғалымдардың жазбаларында өмірінің соңы жаман болып аяқталған адамдардың мысалы көп кездеседі.Ибн әл-Қайимның «Дерт және дауа» атты кітабында мынадай оқиғаларды жазып кеткен: «Бір кісілерге өлім алдында: **«Аллаһтан басқа еш бір құдай жоқ»** деп айт деген кезде, ол: **«мен оны айта алмаймын»**, - деген. Ал, біреулері өлерінде өлең

айтқан. Саудасы Аллаһты еске алудан алыстатқан бір саудагерге өлер алдында: **«Аллаһтан басқа еш бір құдай жоқ»** деп айт дегенде, ол: **«мына бөлігі жақсы, мынау саған лайықты, мынау оның сатып алғаны»** деп қайтыс болған."Тариқ әл-Хижратайн" кітабынан (308 бет).Ал Насыр патшаның әскеріндегі біреуге баласы өлім алдында: **«Әке, Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ»** деп айт дегенде, ол: **«менің патшам Насыр, менің патшам Насыр»** деп өлген. Ал, біреуіне: **«Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ»** деп айт дегенде, ол: **«Пәленшенің үйін жөндеңдер, пәленшенің бақшасында мына нәрсені істеңдер»** деп кеткен. Ал, бір тәрбиешіге өлімінің алдында: **«Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деп айт дегенде, ол: «оннан он бір» деп қайталай берген»**.(«Әд-Да'у уәд-дәуә», 170, 289).Ал енді біреулерінің түстері өзгеріп, құбыладан бет бұрған.Ибн әл-Жәузи, оған Аллаһтың рахметі болсын, айтады: «Мен көп жақсылық жасап жүр деп ойлаған адамым өлім аузында жатқанда былай дегенін естідім:«Раббым, міне, Сол маған зұлымдық жасап жатқан»Аллаһ оның сөзінен жоғарыАллаһ ол кісіні өлім төсегінде жатқанда зұлымдық жасамады. Бұдан кейін ибн әл-Жәузи айтады: **«Сол күннен алған әсерім осы**

**күнге дейін мені уайымдатып, ойлантып жүр»**.(Сайдуль-Хауатыр, 137).СубханАллаһ, бұдан адамдар қаншама ғибрат көрді! Ал көрінбей кеткен өлім аузындағылардың жағдайлары қаншама?«Әд-Да’у уәд-дәуә», 171.Өлімді еске алуды көбейту. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: **«Өлімді еске алуды көбейтіңдер»** Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 2307) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиғ" кітабында (нөмірі: 1210).

иманның әлсіздігі және күнәға бату.

Бұл жайында Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

**«Кім өзін темірмен өлтірсе, сол темірін қолына алады да ішіне қадаған күйде тозақ отында мәңгі-бақи қалады. Кім у ішіп өзін-өзі өлтірсе, тозақ отында соны асықпай ішкен күйде мәңгі болады. Кім өзін таудан тастап өлтірсе, ол мәңгілікке тозақ отына тасталады».**

Сахих Муслим (нөмірі: 109).

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) кезінде бір кісі кәпірлермен соғыста жүрген кезінде ол кісідей ешкім соғыспаған. Бірақ

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ол жайлы былай деген:

**«Ол кісі тозақылардан»**

Сонда сахабаларының бірі сол кісінің ізінен түседі. Сол уақытта әлгі кісі қатты жарақат алып, ауруына шыдай алмай қылышын көкірегіне қояды да, соның үстіне жатып, өзін-өзі өлтіреді.

Бұл қисса әл-Бұхаридің "Сахих" кітабында ("Фатх", 7/471) келтіріледі.

Ғалымдардың жазбаларында өмірінің соңы жаман болып аяқталған адамдардың мысалы көп кездеседі.

Ибн әл-Қайимның **«Дерт және дауа» атты кітабында мынадай оқиғаларды жазып кеткен: «Бір кісілерге өлім алдында: «Аллаһтан басқа еш бір құдай жоқ» деп айт деген кезде, ол: «мен оны айта алмаймын», - деген. Ал, біреулері өлерінде өлең айтқан. Саудасы Аллаһты еске алудан алыстатқан бір саудагерге өлер алдында: «Аллаһтан басқа еш бір құдай жоқ» деп айт дегенде, ол: «мына бөлігі жақсы, мынау саған лайықты, мынау оның сатып алғаны»** деп қайтыс болған.

"Тариқ әл-Хижратайн" кітабынан (308 бет).

Ал Насыр патшаның әскеріндегі біреуге баласы өлім алдында: **«Әке, Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деп айт дегенде, ол: «менің патшам Насыр, менің патшам Насыр» деп өлген. Ал, біреуіне: «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деп айт дегенде, ол: «Пәленшенің үйін жөндеңдер, пәленшенің бақшасында мына нәрсені істеңдер» деп кеткен. Ал, бір тәрбиешіге өлімінің алдында: «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деп айт дегенде, ол: «оннан он бір» деп қайталай берген».**

(«Әд-Даʼу уәд-дәуә», 170, 289).

Ал енді біреулерінің түстері өзгеріп, құбыладан бет бұрған.

Ибн әл-Жәузи, оған Аллаһтың рахметі болсын, айтады: «Мен көп жақсылық жасап жүр деп ойлаған адамым өлім аузында жатқанда былай дегенін естідім:

«Раббым, міне, Сол маған зұлымдық жасап жатқан»

Аллаһ оның сөзінен жоғары

Аллаһ ол кісіні өлім төсегінде жатқанда зұлымдық жасамады. Бұдан кейін ибн әл-Жәузи айтады:

**«Сол күннен алған әсерім осы күнге дейін мені уайымдатып, ойлантып жүр».**

(Сайдуль-Хауатыр, 137).

СубханАллаһ, бұдан адамдар қаншама ғибрат көрді! Ал көрінбей кеткен өлім аузындағылардың жағдайлары қаншама?

«Әд-Да’у уәд-дәуә», 171.

Өлімді еске алуды көбейту. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

**«Өлімді еске алуды көбейтіңдер»**

Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 2307) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиғ" кітабында (нөмірі: 1210).

Өлімді еске алу – күнәлардан тыйып, иманды көбейтеді, жүректі жұмсартады. Кімде-кім тарығып жүргенде өлімді еске алса, бірден кеңшілікті көреді. Ал, егер кеңшілікте жүріп өлімді еске алса, таршылықты сезінеді. Өлімді еске түсірудің ең үлкен жолы – қабірлерді зиярат ету.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қабірлерді зиярат етуге әмір етіп былай деді: **«Мен сендерді қабірлерді зиярат етуден тыйған едім. Ал, енді оларды зиярат етіңдер. Расында қабірлерді зиярат ету жүректі жұмсартады, көзге жас толтырады, ақыретті еске түсіреді. Оларды тастап кетпеңдер (оларды зиярат қылуға болмайды демеңдер)»** Хадисті әл-Хаким (1/376) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (нөмірі: 4584).Тіпті, кәпірлердің қабірлерін зиярат ету де рұқсат етілген. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)өз анасының қабірін зиярат етіп, өзін де басқаны да жылатқан. Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Раббымнан анама истиғфар айтуға (күнәсының кешірілуін) рұқсат сұрадым. Рұқсат бермеді. Анамның қабірін зиярат етуге рұқсат сұрағанымда, рұқсат берді. Сондықтан да қабірлерді зиярат етіңдер. Расында олар өлімді еске түсіреді»** Хадисті Муслим (3/65) риуаят етті.Қабірлерді зиярат ету иманды күшейтудің жолдарының бірі. Қабірлерге барған кісі өлімді есіне түсірсе, ал қабірдегілер тірілердің Аллаһтан сол қабірдегі өліктер үшін рахмет, кешірім сұрап дұға, тілек

етулеріне мұқтаж. Қалай зиярат етуді Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай көрсеткен: **«Мүміндер мен мұсылмандардан болған осы қабір тұрғындары! Сіздерге Аллаһтың сәлемі болсын. Аллаһ бізден алдыңғыларға да бізден кейінгілерге де мейірімін түсірсін. Аллаһ қаласа, біз де сіздерге жетеміз»** Хадисті Муслим риуаят етті (нөмірі: 974) Қабірлерді зиярат етуге ниеттенген адам оның әдептерін ұстану керек: Аллаһ ризалығы үшін және қарайған жүрегін жаңарту үшін баруға ниет қылу. Зиярат етуші үлкен жетістіктерге жетіп, байлық жинап дүниеден озған бауырларының, құрдастарының жағдайларын ойласыншы: олар мақсаттарына жете алды ма, дүниелері де оларға пайда берді ме? Қабірде олардың жүздерінің сұлулығы мен дене мүшелері топыраққа көміліп, бөлшектенеді. Арттарынан әйелдері жесір, балалары жетім қалды. Жастық пен ден-саулыққа, бос сөз бен ойын-күлкіге алданған кездерін есіне түсірсінші. Сонда да ол қабірдегілердің қатарына қосылады. Өліктің екі аяғы шіріп, екі көзі ағып, тілін құрттар жегенін және топырақ тістерін жойғанын елестетсінші?әл-Құртубидің "әт-Тазкира" кітабынан (16 бет).Йә, кім қасіреттің шақырушысына дауыс көтерген,Өлім туралы хабармен

үлкен-кішіні шақырғанЗікірді естімесең, кімнен көресің?Басында, екі көз бен екі құлақ бар болғанСоқыр-мылқау емес, бір адамнан басқа,Көз бен әсер тура жолға салмасаУақыт та, дүние де, аспан да қалмайды,Жоғарыдағы екі жарық күн мен ай да қалмасаҚаламаса да дүниеден кетеді,Тұрған екі жері: ауыл мен қаламен қоштасып.Абдулла ибн Мұхаммед әл-Әндалуси әш-Шәнтаринидің өлең жолдары.Ибн Кәсирдің тәпсірінен (5/436).Кімде-кім өлімді еске алуды ұмытса, үш нәрсемен азапталады: тәубені кейінге қалдыру, жеткілікті нәрсеге қанағат етпеу, құлшылық етуде жалқаулану. Ал керісінше, өлімді еске алуды көбейтсе – тәубеге асығу, жүректің қанағатшылдығы, құлшылыққа деген ынтасы арту сияқты үш нәрсеге жолығады.Жанға әсер ететін көріністердің бірі – өлім аузындағы адамды көру. Адамның өлім алдындағы сәтін, жанының шығуын, қайтыс болғандағы жағдайын, өлімнен кейін барар жерін елестету – көздерге ұйқы жанға тыныштық бермейді. Бұлар адамның ақырет үшін амал жасауға ынта-жігерін оятады.Бірде Хасан әл-Басри бір науқас адамның көңілін сұрауға барғанда, ол кісінің өлім алдында жатқанын көреді. Оның қиналып жатқанын көріп, үйіне түсі өзгеріп қайтады. Оған: тамақ ішіңіз – дегенде ол: **«Тамақтарыңды өздерің ішіңдер.**

**Аллаһпен ант етемін мен бір өлімді көрдім. Енді мен сонымен кездескенше амал қыламын»** n ("Тазкира", 17)Өлімді сезінудің тағы бір жолы – жаназа намазына қатысу, содан соң мәйітті қабірге апарып көму және оның үстіне топырақ тастау. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Науқастардың көңілін сұраңдар, жаназа намазына қатысыңдар. Ол естеріңе өлімді түсіреді»** Хадисті Ахмад (3/48) риуаят етті; бұл хадис "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (4109) келтіріледі.Жаназа намазына қатысудың сауабы өте көп. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұл жайында былай деген:«Кім жаназа намазына үйінен қатысса, оған бір «қырат». Ал кім оны көмгенше куә болса, оған екі «қырат» сауап болады.«Екі қырат» дегеніміз не? Деп сұрағанда,Ол былай деді:«екі үлкен таудай (сауап)»басқа риуаятта: "қырат - Ухуд тауындай сияқты".Хадисті екі шейх, және олардан да басқалары риуаят еткен. Бұлар әл-Альбанидің "Әхкам әл-жанәиз" кітабында келтірілген (67 бет).Бұрынғылар күнәға батып жүрген адамға насихат айтқанда өлімді естеріне түсіретін. Ілгерідегі ғалымдардың бір жиналысында бір кісі былай деп насихат айтыпты:"екі көзіңе қойған мақтаны есіңе ал"(мәйітті кебінге ораған кезде

істелетін іс)Ақыреттегі үйлерді еске алуИбн әл-Қайим (оған Аллаһтың рақымы болсын) былай дейді: «**Егер (пенденің) пікірі дұрыс болса, онда міндетті түрде түсініктілік пайда болады. Онымен уәде мен үрейді, жәннат пен тозақты, Аллаһтың әулиелері мен жауларына не дайындағанын ұғады. Адамдардың Аллаһтың шақыруына қабірлерінен асығып шығып, оларды періштелер қоршап алғанын, және сот жүргізу үшінтаразы орнатылғанын, парақтар ұшқанын көріп тұрғандай анық сенеді. Ол кісі барлығына куә болады да, ол ақыреттің ұзақтығын, ал дүниенің тез өтетінін түсінеді**» (Мадарижус-Саликин, 1/123)

**«Мен сендерді қабірлерді зиярат етуден тыйған едім. Ал, енді оларды зиярат етіңдер. Расында қабірлерді зиярат ету жүректі жұмсартады, көзге жас толтырады, ақыретті еске түсіреді. Оларды тастап кетпеңдер (оларды зиярат қылуға болмайды демеңдер)»**

Хадисті әл-Хаким (1/376) риуаят етті. "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (нөмірі: 4584).

Тіпті, кәпірлердің қабірлерін зиярат ету де рұқсат етілген. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)

өз анасының қабірін зиярат етіп, өзін де басқаны да жылатқан. Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Раббымнан анама истиғфар айтуға (күнәсының кешірілуін) рұқсат сұрадым. Рұқсат бермеді. Анамның қабірін зиярат етуге рұқсат сұрағанымда, рұқсат берді. Сондықтан да қабірлерді зиярат етіңдер. Расында олар өлімді еске түсіреді»**

Хадисті Муслим (3/65) риуаят етті.

Қабірлерді зиярат ету иманды күшейтудің жолдарының бірі. Қабірлерге барған кісі өлімді есіне түсірсе, ал қабірдегілер тірілердің Аллаһтан сол қабірдегі өліктер үшін рахмет, кешірім сұрап дұға, тілек етулеріне мұқтаж. Қалай зиярат етуді Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай көрсеткен:

**«Мүміндер мен мұсылмандардан болған осы қабір тұрғындары! Сіздерге Аллаһтың сәлемі болсын. Аллаһ бізден алдыңғыларға да бізден**

**кейінгілерге де мейірімін түсірсін. Аллаһ қаласа, біз де сіздерге жетеміз»**

Хадисті Муслим риуаят етті (нөмірі: 974)

Қабірлерді зиярат етуге ниеттенген адам оның әдептерін ұстану керек: Аллаһ ризалығы үшін және қарайған жүрегін жаңарту үшін баруға ниет қылу. Зиярат етуші үлкен жетістіктерге жетіп, байлық жинап дүниеден озған бауырларының, құрдастарының жағдайларын ойласыншы: олар мақсаттарына жете алды ма, дүниелері де оларға пайда берді ме? Қабірде олардың жүздерінің сұлулығы мен дене мүшелері топыраққа көміліп, бөлшектенеді. Арттарынан әйелдері жесір, балалары жетім қалды. Жастық пен ден-саулыққа, бос сөз бен ойын-күлкіге алданған кездерін есіне түсірсінші. Сонда да ол қабірдегілердің қатарына қосылады. Өліктің екі аяғы шіріп, екі көзі ағып, тілін құрттар жегенін және топырақ тістерін жойғанын елестетсінші?

әл-Құртубидің "әт-Тазкира" кітабынан (16 бет).

Йә, кім қасіреттің шақырушысына дауыс көтерген,

Өлім туралы хабармен үлкен-кішіні шақырған

Зікірді естімесең, кімнен көресің?

Басыңда, екі көз бен екі құлақ бар болған

Соқыр-мылқау емес, бір адамнан басқа,

Көз бен әсер тура жолға салмаса

Уақыт та, дүние де, аспан да қалмайды,

Жоғарыдағы екі жарық күн мен ай да қалмаса

Қаламаса да дүниеден кетеді,

Тұрған екі жері: ауыл мен қаламен қоштасып.

Абдулла ибн Мұхаммед әл-Әндалуси әш-Шәнтаринидің өлең жолдары.

Ибн Кәсирдің тәпсірінен (5/436).

Кімде-кім өлімді еске алуды ұмытса, үш нәрсемен азапталады: тәубені кейінге қалдыру, жеткілікті нәрсеге қанағат етпеу, құлшылық етуде жалқаулану. Ал керісінше, өлімді еске алуды көбейтсе – тәубеге асығу, жүректің қанағатшылдығы, құлшылыққа деген ынтасы арту сияқты үш нәрсеге жолығады.

Жанға әсер ететін көріністердің бірі – өлім аузындағы адамды көру. Адамның өлім алдындағы сәтін, жанының шығуын, қайтыс болғандағы жағдайын, өлімнен кейін барар жерін елестету – көздерге ұйқы

жанға тыныштық бермейді. Бұлар адамның ақырет үшін амал жасауға ынта-жігерін оятады.

Бірде Хасан әл-Басри бір науқас адамның көңілін сұрауға барғанда, ол кісінің өлім алдында жатқанын көреді. Оның қиналып жатқанын көріп, үйіне түсі өзгеріп қайтады. Оған: тамақ ішіңіз – дегенде ол: **«Тамақтарыңды өздерің ішіңдер. Аллаһпен ант етемін мен бір өлімді көрдім. Енді мен сонымен кездескенше амал қыламын»**

("Тазкира", 17)

Өлімді сезінудің тағы бір жолы – жаназа намазына қатысу, содан соң мәйітті қабірге апарып көму және оның үстіне топырақ тастау. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

**«Науқастардың көңілін сұраңдар, жаназа намазына қатысыңдар. Ол естеріңе өлімді түсіреді»**

Хадисті Ахмад (3/48) риуаят етті; бұл хадис "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (4109) келтіріледі.

Жаназа намазына қатысудың сауабы өте көп. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұл жайында былай деген:

«Кім жаназа намазына үйінен қатысса, оған бір «қырат». Ал кім оны көмгенше куә болса, оған екі «қырат» сауап болады.

«Екі қырат» дегеніміз не? Деп сұрағанда,

Ол былай деді:

**«екі үлкен таудай (сауап)»**

басқа риуаятта: "қырат - Ухуд тауындай сияқты".

Хадисті екі шейх, және олардан да басқалары риуаят еткен. Бұлар әл-Альбанидің "Әхкам әл-жанәиз" кітабында келтірілген (67 бет).

Бұрынғылар күнәға батып жүрген адамға насихат айтқанда өлімді естеріне түсіретін. Ілгерідегі ғалымдардың бір жиналысында бір кісі былай деп насихат айтыпты:

"екі көзіңе қойған мақтаны есіңе ал"

(мәйітті кебінге ораған кезде істелетін іс)

Ақыреттегі үйлерді еске алу

Ибн әл-Қайим (оған Аллаһтың рақымы болсын) былай дейді:

**«Егер (пенденің) пікірі дұрыс болса, онда міндетті түрде түсініктілік пайда болады. Онымен уәде мен үрейді, жәннат пен тозақты, Аллаһтың әулиелері мен жауларына не дайындағанын ұғады. Адамдардың Аллаһтың шақыруына қабірлерінен асығып шығып,**

**оларды періштелер қоршап алғанын, және сот жүргізу үшін**

**таразы орнатылғанын, парақтар ұшқанын көріп тұрғандай анық сенеді. Ол кісі барлығына куә болады да, ол ақыреттің ұзақтығын, ал дүниенің тез өтетінін түсінеді»**

(Мадарижус-Саликин, 1/123)

Аллаһ Тағала ақирет көріністерін «Қиямет», «Мүрсәләт», «Мутаффифин», «Тәкуир» сияқты сүрелерде сипаттаған. Сондай-ақ хадис шарифтерде де жәннат пен тозақ, қиямет туралы нақты сипаттамалар берілген. Осыларға қосымша ғалымдардың да кітаптарын оқу керек. Мысалы ибн әл-Қайимнің «Хади әл-аруах», ибн Касирдің «Ән-ниһая фил фитән уәл-мәләмих» және т.б.

Болмысқа байланысты аяттарға сәйкес амал жасау. Әл-Бұхари, Муслим және басқалары риуаяттарында: Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қара бұлтты немесе желді көрсе түрі өзгеретін.Сонда Аиша (оған Аллаһ разы болсын): **«Ей, Аллаһтың Елшісі! Адамдар қара бұлтты көрсе, онымен бірге жаңбыр келетін шығар деп қуанады. Ал, сізді оны жақтырмағаныңызды көремін»,** - дегенінде, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Әй, Аиша! Оның ішінде тұщы су бар деп кім маған кепілдік береді. Уақытысында бір қауым желмен де азапталды ғой. Бір қауым бұлтты көріп:«мынау бізге жаңбыр алып келеді»,** - деген»Хадисті Муслим риуаят еткен (899).Сол секілді күн немесе ай тұтылса да Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)қиямет келді деп ойлап, қорқатын болған.(Фатхуль-Бари, 2/545).Сонымен қатар Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) күн тұтылса, қорқынышпен намаз оқуды бұйырған: «Бұл дәлелдер – Аллаһтан, осы арқылы Ол құлдарын ескертеді», - деп түсіндірген. Осы көріністермен жүректі қорқыту – иманды арттырады. Олар Аллаһтың азабы мен ашуы және күшін еске

салады. Осындай кездерге байланысты Аиша (оған Аллаһ разы болсын) айтқан хадисте:Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) менің қолымнан ұстады да кейін айды көрсетіп: **«Әй, Аиша осының кесірінен Аллаһтан пана сұра, қараңғылықтың басқан сәті осы»** - деді.Ахмад (6/237) риуаят етті және "әс-Сильсиля әс-Сахиха" кітабында.Бұған мынау да мысал бола алады: жер астына төңкерілген, азапталған залымдардың қабірлерінен өткенде әсер алу. Әбу Омар (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткендей: "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Хижр деген жерден өткен кезде сахабаларына былай деді:"Бұл жерге кірмеңдер. Бұл азапталынғандарға тек жылап кіріңдер. Егер жыламасаңдар, онда оларға кірмеңдер, оларға болған жай сендермен болмайды".Хадисті әл-Бұхари (нөмірі: 423) риуаят еттіАл, ол жерге қазіргі уақытта адамдар туристік ниетімен барады, ойлан! Аллаһты еске алу.Бұл жүректің шипасы, ізгі істердің рухы. Аллаһ Тағала айтады: **«Әй, Мүміндер! Аллаһты өте көп еске алыңдар»**Кімде-кім Аллаһты еске алуды көбейтсе, оған құтылу уәде етілген: **«Аллаһты көп еске алыңдар, әрине құтыласыңдар»–** деп, еске алудың ең үлкен нәрсе екенін айтқан.Аллаһ Тағала

айтты: **«Әрине Аллаһты еске алу, аса ірі нәрсе»** Ал, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Ислам заңдарын ауырсынған адамға былай деп өсиет етеді:"Аллаһ Тағаланы еске алудан тілің құрғамасын"хадисті әт-Тирмизи (3375) риуаят етті.Ол туралы "ғариб жақсы хадис" деді, "Сахих әл-калим" кітабында (3).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қара бұлтты немесе желді көрсе түрі өзгеретін.

Сонда Аиша (оған Аллаһ разы болсын): «Ей, Аллаһтың Елшісі! Адамдар қара бұлтты көрсе, онымен бірге жаңбыр келетін шығар деп қуанады. Ал, сізді оны жақтырмағаныңызды көремін», - дегенінде, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Әй, Аиша! Оның ішінде тұщы су бар деп кім маған кепілдік береді. Уақытысында бір қауым желмен де азапталды ғой. Бір қауым бұлтты көріп:

**«мынау бізге жаңбыр алып келеді», - деген»**

Хадисті Муслим риуаят еткен (899).

Сол секілді күн немесе ай тұтылса да Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)

қиямет келді деп ойлап, қорқатын болған.

(Фатхуль-Бари, 2/545).

Сонымен қатар Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) күн тұтылса, қорқынышпен намаз оқуды бұйырған: «Бұл дәлелдер – Аллаһтан, осы арқылы Ол құлдарын ескертеді», - деп түсіндірген. Осы көріністермен жүректі қорқыту – иманды арттырады. Олар Аллаһтың азабы мен ашуы және күшін еске салады. Осындай кездерге байланысты Аиша (оған Аллаһ разы болсын) айтқан хадисте:

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) менің қолымнан ұстады да кейін айды көрсетіп: **«Әй, Аиша осының кесірінен Аллаһтан пана сұра, қараңғылықтың басқан сәті осы»** - деді.

Ахмад (6/237) риуаят етті және "әс-Сильсиля әс-Сахиха" кітабында.

Бұған мынау да мысал бола алады: жер астына төңкерілген, азапталған залымдардың қабірлерінен

өткенде әсер алу. Әбу Омар (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткендей: "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Хижр деген жерден өткен кезде сахабаларына былай деді:

**"Бұл жерге кірмеңдер. Бұл азапталынғандарға тек жылап кіріңдер. Егер жыламасаңдар, онда оларға кірмеңдер, оларға болған жай сендермен болмайды".**

Хадисті әл-Бұхари (нөмірі: 423) риуаят етті

Ал, ол жерге қазіргі уақытта адамдар туристік ниетімен барады, ойлан!

Аллаһты еске алу.Бұл жүректің шипасы, ізгі істердің рухы. Аллаһ Тағала айтады:

**«Әй, Мүміндер! Аллаһты өте көп еске алыңдар»**

Кімде-кім Аллаһты еске алуды көбейтсе, оған құтылу уәде етілген:

**«Аллаһты көп еске алыңдар, әрине құтыласыңдар»**

– деп, еске алудың ең үлкен нәрсе екенін айтқан.

Аллаһ Тағала айтты:

**«Әрине Аллаһты еске алу, аса ірі нәрсе»**

Ал, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Ислам заңдарын ауырсынған адамға былай деп өсиет етеді:

**"Аллаһ Тағаланы еске алудан тілің құрғамасын"**

хадисті әт-Тирмизи (3375) риуаят етті.

Ол туралы "ғариб жақсы хадис" деді, "Сахих әл-калим" кітабында (3).

Негізінде Аллаһты еске алу – Мейірімді Аллаһ Тағаланы риза қылып, шайтанды қуады. Сонымен қатар уайым-қайғыны кетіріп, ризықты арттырады. Білім есіктерін ашып, ол үшін жәннатта тал егіледі; тілдің кесапаттарынан арылуға себеп болады. Садақаға берер нәрсе таппаған кедейлердің қайғысын жұбатады. Сөйтіп Аллаһ Тағала оларға мал және тәнмен құлшылық етудің орнына Өзін еске алуды нәсіп етеді.

Аллаһты еске алуды ұмыту - жүректің қайтуыДенелері қабірдің алдында қабір болдыЖандары тәндерінде мұңайыпҚайта тірілудің алдында оларға тірілу де жоқ болдыСол үшін кім иманының әлсіздігін емдегісі келсе, Аллаһты көп еске

алсын. Өйткені Аллаһ айтады: «Ұмытқан заман Раббыңды есіңе ал!» Кәһф сүресіЖәне де Аллаһ Тағала еске алудың жүрекке тигізер әсерін былай баяндайды:

**«Сондай иман келтіргендер; Аллаһты еске алу арқылы көңілдері жай тапқандар. Естеріңде болсын; Аллаһты еске алумен жүректер орнығады»( Раъид сүресі, 28 аят)**

Ал, Аллаһты еске алу арқылы иманды көбейту жайында ибн әл-Қайим: **«Жүректе қаттылық болса оны тек қана Аллаһты еске алу ғанаерітеді»**, - деген.Бір кісі Хасан әл-Басриге былай депті: **«Әй, Сағыдтің әкесі! Мен саған жүрегімнің қатып қалғанын шағым айтып келдім».** Сонда Хасан әл-Басри: **«Оны Аллаһты еске алумен еріт»,** - деді. **«Себебі жүрек ұмытшақ болған сайын, қатая түседі. Егер Аллаһты есіңе алсаң, жүрегің – қорғасын отта ерігеніндей ериді. Жүректің қарайғанын Аллаһ Тағаланы еске алғандай ешнәрсе жаңартпайды. Ұмытшақтық жүректің ауруы болса, еске алу – оның шипасы. Махкул: Аллаһты еске алу – шипа, ал адамдарды еске алу – дерт»,** - деген.(Уабилус-Саиб, 142)

Денелері қабірдің алдында қабір болды

Жандары тәндерінде мұңайып

Қайта тірілудің алдында оларға тірілу де жоқ болды

Сол үшін кім иманының әлсіздігін емдегісі келсе, Аллаһты көп еске алсын. Өйткені Аллаһ айтады:

«Ұмытқан заман Раббыңды есіңе ал!»

Кәһф сүресі

Және де Аллаһ Тағала еске алудың жүрекке тигізер әсерін былай баяндайды:

**«Сондай иман келтіргендер; Аллаһты еске алу арқылы көңілдері жай тапқандар. Естеріңде болсын; Аллаһты еске алумен жүректер орнығады» (Раъид сүресі, 28 аят)**

Ал, Аллаһты еске алу арқылы иманды көбейту жайында ибн әл-Қайим:

«Жүректе қаттылық болса оны тек қана Аллаһты еске алу ғана ерітеді», - деген.

Бір кісі Хасан әл-Басриге былай депті: **«Әй, Сағыдтің әкесі! Мен саған жүрегімнің қатып қалғанын шағым айтып келдім».** Сонда Хасан әл-Басри: **«Оны**

**Аллаһты еске алумен ерт»**, - деді. **«Себебі жүрек ұмытшақ болған сайын, қатая түседі. Егер Аллаһты есіңе алсаң, жүрегің – қорғасын отта ерігеніндей ериді. Жүректің қарайғанын Аллаһ Тағаланы еске алғандай ешнәрсе жаңартпайды. Ұмытшақтық жүректің ауруы болса, еске алу – оның шипасы. Махкул: Аллаһты еске алу – шипа, ал адамдарды еске алу – дерт»**, - деген.

(Уабилус-Саиб, 142)

Пендені шайтан ұмытшақтықпен жеңгеніндей, пенде шайтанды Аллаһты еске алу арқылы жеңеді.

Ілгерідегі ғалымдардың бірі айтқан: **«Жүрек Аллаһты еске алса, оған шайтан жақындаған кезде, оны жеңеді. Жеңілген шайтанды көрген басқа шайтандар оның маңына жиналып: «бұған не болды?» - деп сұрақ қояды. Сонда: «оған адам тиісіпті»**, - деген жауап қайтарылады.("Мажариж әс-сәликин" 2/424).

**«Жүрек Аллаһты еске алса, оған шайтан жақындаған кезде, оны жеңеді. Жеңілген шайтанды көрген басқа шайтандар оның маңына жиналып: «бұған не болды?» - деп сұрақ қояды.**

**Сонда: «оған адам тиісіпті», - деген жауап қайтарылады.**

("Мажариж әс-сәликин" 2/424).

Шайтандар тиіскен адамдардың көбі – «Аллаһты еске алу арқылы қорғанбағандар. Сол себепті шайтандарға оларды жеңу оңай болады.

Имандары әлсіреген адамдарға түнгі, нәпіл намаздарын оқу қиын болады. Олар:«Лә иләһә илләлаһу уаһдаһу лә шарика ләһу ләһул-мүлку уә ләһулхамду уә һуүә ъалә күллі шәй-ін қадир» немесе «Субһаналлаһи уәл-хамду лилләһи» немесе «Лә хаулә уә лә қуүәтә илләә билләһил ъалийл ъазым» және т.б. дұғаларды айту арқылы емделуіне болады. Сондай-ақ сүннетерде кездесетін таң және кешкі, ұйықтар алдында және оянғанда оқылатын дұғаларды жаттап, әрдайым айтып жүрсе, жанға тигізген әсерін бірден көреді.

«Лә иләһә илләә-лаһу уаһдаһу лә шарика ләһу ләһул-мүлку уә ләһул-хамду уә һуүә ъалә күллі шәй-ін қадир» немесе «Субһаналлаһи уәл-хамду лилләһи» немесе «Лә хаулә уә лә қуүәтә илләә билләһил ъалийл ъазым» және т.б. дұғаларды айту арқылы емделуіне болады. Сондай-ақ сүннетерде кездесетін таң және кешкі,

ұйықтар алдында және оянғанда оқылатын дұғаларды жаттап, әрдайым айтып жүрсе, жанға тигізген әсерін бірден көреді.

Ибн Тәймияның зікір туралы пайдалы хаты бар, оны "Әл-калим әт-тайиб" деп атады. Әл-Альбани бұны қысқартып "Сахих әл-калим" деп атады.

Аллаһқа мінәжат, құлшылық етіп, Оның алдында бойсұнып тұру. Пенде неғұрлым Аллаһтың алдында жалбарынып, бойсұнған күйде тұрса, соғұрлым, Аллаһқа жақын болады.Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: **«Пенденің Раббысына ең жақын болатын кезі – ол сәждеде тұрғанында. Сол үшін дұғаны көбейтіңдер»** хадисті Муслим (482) риуаят етті.Себебі, басқа тұрыстарда сәждедегідей жалбарыну мен бойсынушылық жоқ. Пенде өзінің ең жоғарыда тұрған дене мүшесін жерге тигізгенінде Раббысына өте жақын болады.Ибн әл-Қайим:«Менің әлсіздігім және Саған деген мұқтаждығыммен Сенің байлығың, қуатың, үстемдігің арқылы рахым етуіңді сұраймын. Менің өтірікші әрі күнәһар маңдайым – Сенің алдыңда. Сенің менен де басқа құлдарың бар, ал менің Сенен басқа панам жоқ. Сенен бейшараның және Өзіңе мұқтаж бағыныштының тілегенін тілеймін. Мойындары иіліп, көздері төмен

қарап, жүректері бағынғандардың сұрағанын сұраймын», - деді.Кімде-кім Аллаһтың алдында осындай сөздермен құлшылық етсе, оның иманы еселеп көбейеді.Сол сияқты Аллаһқа деген мұқтаждық иманды арттырады. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿۞ يَـٰٓأَيُّهَا ٱلنَّاسُ أَنتُمُ ٱلْفُقَرَآءُ إِلَى ٱللَّهِ ۖ وَٱللَّهُ هُوَ ٱلْغَنِىُّ ٱلْحَمِيدُ ﴿١٥﴾﴾ [فاطر: 15]

**«Әй, адам баласы! Сендер Аллаһқа мұқтажсыңдар. Ал, Аллаһ болса, Ол әр нәрседен мұңсыз, өте мақтаулы»(Фатыр сүресі, 15 аят)**

Үміттің қысқа болуы: бұл иманды жаңартуда өты маңызды жай.Ибн әл-Қайим (оған Аллаһтың рақымы болсын)бұл жайында ең маңызды аят мынау деген: **«Көрдің бе? Оларды жылдарша қамтамасыз етсек те, кейін оларға уәде етілген апат келсе; оларды пайдаланған нәрселері қорымайды»**Шұғара сүресі, 205-207 аяттар «(Олар бұл дүниеде) күндіздің азғантай мезгілінде өмір сүргендей болады».Міне, дүние бар болғаны осы ғана. Сондықтан да адам баласы «бүгін, ертең» - деп айтып, үмітін соза бермесін.Ілгерідегі ғалымдардың кезінде мынадай оқиға болған екен. Бір ізгі адам екінші біріне: «Кел, бізбен бірге бесін намазын оқы», - деді. Сонда екіншісі: «Бесінді сіздермен оқысам, асрды сіздермен оқымаймын», -

деді. Бұл сөзіне екіншісі таң қалып: «Сен аср намазына дейін өмір сүремін деп тұрғандайсың. Ұзақ үміттенуден Аллаһқа сиынамыз!» - деген екен.

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

**«Пенденің Раббысына ең жақын болатын кезі – ол сәждеде тұрғанында. Сол үшін дұғаны көбейтіңдер»**

хадисті Муслим (482) риуаят етті.

Себебі, басқа тұрыстарда сәждедегідей жалбарыну мен бойсынушылық жоқ. Пенде өзінің ең жоғарыда тұрған дене мүшесін жерге тигізгенінде Раббысына өте жақын болады.

Ибн әл-Қайим:

«Менің әлсіздігім және Саған деген мұқтаждығыммен Сенің байлығың, қуатың, үстемдігің арқылы рахым етуіңді сұраймын. Менің өтірікші әрі күнәһар маңдайым – Сенің алдыңда. Сенің менен де басқа құлдарың бар, ал менің Сенен басқа панам жоқ. Сенен бейшараның және Өзіңе мұқтаж бағыныштының тілегенін тілеймін. Мойындары иіліп, көздері төмен

қарап, жүректері бағынғандардың сұрағанын сұраймын», - деді.

Кімде-кім Аллаһтың алдында осындай сөздермен құлшылық етсе, оның иманы еселеп көбейеді.

Сол сияқты Аллаһқа деген мұқтаждық иманды арттырады. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿۞ يَٰٓأَيُّهَا ٱلنَّاسُ أَنتُمُ ٱلۡفُقَرَآءُ إِلَى ٱللَّهِۖ وَٱللَّهُ هُوَ ٱلۡغَنِيُّ ٱلۡحَمِيدُ ١٥﴾ [فاطر: 15]

**«Әй, адам баласы! Сендер Аллаһқа мұқтажсыңдар. Ал, Аллаһ болса, Ол әр нәрседен мұңсыз, өте мақтаулы» (Фатыр сүресі, 15 аят)**

Үміттің қысқа болуы: бұл иманды жаңартуда өты маңызды жай.

Ибн әл-Қайим (оған Аллаһтың рақымы болсын)

бұл жайында ең маңызды аят мынау деген:

«Көрдің бе? Оларды жылдарша қамтамасыз етсек те, кейін оларға уәде етілген апат келсе; оларды пайдаланған нәрселері қорымайды»

Шуғара сүресі, 205-207 аяттар

«(Олар бұл дүниеде) күндіздің азғантай мезгілінде өмір сүргендей болады».

Міне, дүние бар болғаны осы ғана. Сондықтан да адам баласы «бүгін, ертең» - деп айтып, үмітін соза бермесін.

Ілгерідегі ғалымдардың кезінде мынадай оқиға болған екен. Бір ізгі адам екінші біріне: «Кел, бізбен бірге бесін намазын оқы», - деді. Сонда екіншісі: «Бесінді сіздермен оқысам, асрды сіздермен оқымаймын», - деді. Бұл сөзіне екіншісі таң қалып: «Сен аср намазына дейін өмір сүремін деп тұрғандайсың. Ұзақ үміттенуден Аллаһқа сиынамыз!» - деген екен.

Дүниенің өткінші екендігі жайлы ойлану.

Аллаһ Тағала айтты: **«Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі»** Пайғамбар, (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), былай деді: **«Адам баласының тамағы осы дүниенің мысалындай. Адам баласынан шығатын нәрсені қарашы! Дүниені қанша безендірілгенмен қайда баратыны белгілі ғой»** Хадисті әт-Табарани "Әл-Кәбир" кітабында (1/198 риуаят еткен. "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (нөмірі: 382).Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін естідім:

**«Дүние қарғыс етілген және дүниедегі барлық нәрсе қарғыс етілген. Бірақ Аллаһты еске алу, одан туындағанмен, білім беруші, және оны үйренушіден басқасы»** Хадисті Ибн Мәжаһ (нөмірі: 4112) риуаят етті, және ол (Сахих әт-Тарғиб" кітабында (нөмірі: 71) келтірілген.Аллаһтың ардақтаған нәрселерін ұлықтау. Аллаһ айтады: **«Кім Аллаһтың белгілерін ұлықтаса; күдіксіз ол, жүректің тақуалығынан»** Хаж сүресі, 32 аятАллаһтың Құран Кәрімде ардақтаған нәрселері – Оның ақысы. Оның ақысы кейде адамда, кейде жер бетінде, кейде уақытта болады. Аллаһ адамдардың арасында Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): ақысын өтеуді, жерде – Харам мешітін, ал уақыттардан – Рамазан айын бұйырған.

﴿ذَٰلِكَۖ وَمَن يُعَظِّمۡ حُرُمَٰتِ ٱللَّهِ فَهُوَ خَيۡرٞ لَّهُۥ عِندَ رَبِّهِۦۗ وَأُحِلَّتۡ لَكُمُ ٱلۡأَنۡعَٰمُ إِلَّا مَا يُتۡلَىٰ عَلَيۡكُمۡۖ فَٱجۡتَنِبُواْ ٱلرِّجۡسَ مِنَ ٱلۡأَوۡثَٰنِ وَٱجۡتَنِبُواْ قَوۡلَ ٱلزُّورِ ٣٠﴾ [الحج: 30]

**«Кім Аллаһтың ардақтағандарын жоғары бағаласа, сонда оған Раббысының қасында хайырлы» (Хаж сүресі, 30 аят)**

Аллаһтың ардақтағандарының тағы бірі – кішкентай күнәларға да көңіл бөлу. Абдулла ибн Масғуд Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөзін жеткізген**: «Күнәларды елемей кетуден (н/е кемсінуден) сақ болыңдар. Расында олар адамды өлтіргенше сонда жинала береді»**.Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): күнәларды – бір жерге топталған қауымға теңейді. Ондағы әрбір кісі бір-бір ағаш алып келіп, от жағады да қалғандарын пісіріп алады.Ахмад (1/402) және "әс-Сильсиля әс-Сахиха" кітабында (389).Кіші күнәні тастай салсаң,Сонда үлкені де кездеседіЖер бетін тез өтем десеңКөрінбеген тікенек көңіліңді аударадыКіші күнәні кемсітпеТаулар кіші тастан емес пе"Сайд әл-хатыр" кітабында Ибн әл-Жәузи былай дейді:"Адамдардың көбісі жеңіл деп ойлайтын нәрселерде байсалды болмайды. Ал ол болса негіздерден шығаруы мүмкін. Мысалы: харам болған нәрселерге қарау немесе білім талап ететіндер бір нәрсені алып қайтармаулары".Кейбір ілгері ғалымдар:"Бір азғантай нәрсеге көңіл бөлмей, оны жегенімде, қырық жыл артта қалып қойдым".Бұл оның қарапайымдылығынан (оған Аллаһтың рақымы болсын).

**«Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі»**

Пайғамбар, (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), былай деді:

**«Адам баласының тамағы осы дүниенің мысалындай. Адам баласынан шығатын нәрсені қарашы! Дүниені қанша безендірілгенмен қайда баратыны белгілі ғой»**

Хадисті әт-Табарани "Әл-Кәбир" кітабында (1/198 риуаят еткен. "Сахих әл-Жәмиъ" кітабында (нөмірі: 382).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын):«Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін естідім:

**«Дүние қарғыс етілген және дүниедегі барлық нәрсе қарғыс етілген. Бірақ Аллаһты еске алу, одан туындағанмен, білім беруші, және оны үйренушіден басқасы»**

Хадисті Ибн Мәжәһ (нөмірі: 4112) риуаят етті, және ол (Сахих әт-Тарғиб" кітабында (нөмірі: 71) келтірілген.

Аллаһтың ардақтаған нәрселерін ұлықтау. Аллаһ айтады:

﴿ذَٰلِكَ وَمَن يُعَظِّمۡ شَعَٰٓئِرَ ٱللَّهِ فَإِنَّهَا مِن تَقۡوَى ٱلۡقُلُوبِ ٣٢﴾ [الحج: 32]

**«Кім Аллаһтың белгілерін ұлықтаса; күдіксіз ол, жүректің тақуалығынан»Хаж сүресі, 32 аят**

Аллаһтың Құран Кәрімде ардақтаған нәрселері – Оның ақысы. Оның ақысы кейде адамда, кейде жер бетінде, кейде уақытта болады. Аллаһ адамдардың арасында Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): ақысын өтеуді, жерде – Харам мешітін,

ал уақыттардан – Рамазан айын бұйырған.

﴿ذَٰلِكَ وَمَن يُعَظِّمۡ حُرُمَٰتِ ٱللَّهِ فَهُوَ خَيۡرٞ لَّهُۥ عِندَ رَبِّهِۦۗ وَأُحِلَّتۡ لَكُمُ ٱلۡأَنۡعَٰمُ إِلَّا مَا يُتۡلَىٰ عَلَيۡكُمۡۖ فَٱجۡتَنِبُواْ ٱلرِّجۡسَ مِنَ ٱلۡأَوۡثَٰنِ وَٱجۡتَنِبُواْ قَوۡلَ ٱلزُّورِ ٣٠﴾ [الحج: 30]

**«Кім Аллаһтың ардақтағандарын жоғары бағаласа, сонда оған Раббысының қасында хайырлы» (Хаж сүресі, 30 аят)**

Аллаһтың ардақтағандарының тағы бірі – кішкентай күнәларға да көңіл бөлу. Абдулла ибн Масғуд

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөзін жеткізген:

«Күнәларды елемей кетуден (н/е кемсінуден) сақ болыңдар. Расында олар адамды өлтіргенше сонда жинала береді».

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): күнәларды – бір жерге топталған қауымға теңейді. Ондағы әрбір кісі бір-бір ағаш алып келіп, от жағады да қалғандарын пісіріп алады.

Ахмад (1/402) және "әс-Сильсиля әс-Сахиха" кітабында (389).

Кіші күнәні тастай салсаң,

Сонда үлкені де кездеседі

Жер бетін тез өтем десең

Көрінбеген тікенек көңіліңді аударады

Кіші күнәні кемсітпе

Таулар кіші тастан емес пе

"Сайд әл-хатыр" кітабында Ибн әл-Жәузи былай дейді:

"Адамдардың көбісі жеңіл деп ойлайтын нәрселерде байсалды болмайды. Ал ол болса негіздерден шығаруы мүмкін. Мысалы: харам болған нәрселерге қарау немесе білім талап ететіндер бір нәрсені алып қайтармаулары".

Кейбір ілгері ғалымдар:

"Бір азғантай нәрсеге көңіл бөлмей, оны жегенімде, қырық жыл артта қалып қойдым".

Бұл оның қарапайымдылығынан (оған Аллаһтың рақымы болсын).

Мұсылмандармен тату дос болып, жауларды дос тұтпау. Мұсылман кісі Аллаһтың жауларымен байланысса оның иманы қатты әлсірейді де, ол ақидасын жоғалтады. Ал, егер Аллаһтың құлдарымен байланысып, оларға көмек берсе және Аллаһтың жауларына қарсы шығып, оларды жек көрсе оның иманы күшейеді.

Қарапайым болу. Иманды жаңартудағы және жүректі тоттан тазалаудағы қарапайымдылықтың алатын маңызы зор. Пенденің ісі мен сөзіндегі қарапайымдылығы оның Аллаһ алдында қарапайым екенін көрсетеді.Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты

мен сәлемі болсын) былай деді: **«Қарапайым киіну – иманнан»** Хадисті Ибн Мәжәһ (4118) риуаят етті, және ол "Әс-сильсиля әс-сахиха" кітабында (нөмірі:341) келтірілген.Яғни, сыртқы келбетінде және киімінде қарапайымдылықты нұсқады.Ибн Кәсирдің "Ән-ниһая" кітабын қараңыз (1/110).Басқа бір хадисте: **«Шамасы жетсе де Аллаһ үшін қарапайым болып киімін тастаса, қиямет күні Аллаһ оны иманның қай киімін киемін десе де таңдату үшін жаратылғандардың ең біріншісі етіп шақырады»** Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 2481) риуаят етті. "әс-Сильсиля әс-сахиха" деген кітапта да бар (718). Абдуррахман ибн Ауф өз қызметшілерінің арасында ерекшеленбейтін.

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

**«Қарапайым киіну – иманнан»**

Хадисті Ибн Мәжәһ (4118) риуаят етті, және ол "Әс-сильсиля әс-сахиха" кітабында (нөмірі:341) келтірілген.

**Яғни, сыртқы келбетінде және киімінде қарапайымдылықты нұсқады.**

Ибн Кәсирдің "Ән-ниһая" кітабын қараңыз (1/110).

Басқа бір хадисте: **«Шамасы жетсе де Аллаһ үшін қарапайым болып киімін тастаса, қиямет күні Аллаһ оны иманның қай киімін киемін десе де таңдату үшін жаратылғандардың ең біріншісі етіп шақырады»**

Хадисті әт-Тирмизи (нөмірі: 2481) риуаят етті. "әс-Сильсиля әс-сахиха" деген кітапта да бар (718).

Абдуррахман ибн Ауф өз қызметшілерінің арасында ерекшеленбейтін.

Аллаһтың бар екеніне күмәнсіз сену. Оған тәубе келтіру. Оны сүю. Одан қорқу. Ол жайлы жақсы ойда болу. Оған тәуекел ету. Оған және Оның үкіміне риза болып, шүкіршілік ету және Онымен шыншыл болу.

Иман кәміл болуы үшін пенденің намазға тұруы, инабатты болу, Аллаһты еске алуы, Құран және сүннетпен қорғануы, жалбарынуы, және Оның көріп тұрғанын сезінуі қажет. Бұл жайында ибн әл-Қайим өзінің «Мәдәриж әс-сәлихин» деген кітабында кеңірек тоқталған.

Өзіне-өзі есеп беру. Аллаһ Тағала айтады:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ ٱتَّقُوا۟ ٱللَّهَ وَلْتَنظُرْ نَفْسٌ مَّا قَدَّمَتْ لِغَدٍ ۖ وَٱتَّقُوا۟ ٱللَّهَ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ خَبِيرٌۢ بِمَا تَعْمَلُونَ ﴿١٨﴾﴾ [الحشر: 18]

**«Әй, мүміндер! Аллаһтан қорқыңдар. Әркім ертең үшін не жібергеніне қарасын».(Хашр сүресі, 18 аят)**

Омар ибн Хаттаб (оған Аллаһ разы болсын) бұл турасында былай деді: «Есепке алынбай жатып, өздеріңе есеп беріңдер»Хасан: «Нағыз мүмін өзіне есеп береді», - деген. Ал, Маймун ибн Маһран болса: «Расында Аллаһтан қорқушы адам өзін есепке алуда сараң серіктесінен де қатаңырақ болады», - деген.Ибн әл-Қайим (оған Аллаһтың рақымы болсын) былай деп ескертеді: «жанның өлімі – өзін есепке алуда немқұрайлы қарап, нәпсісіне ергеннен» Мұсылман арнайы бір уақытта жеке қалып, бүгін не істегенін, ертеңгі ақыретке не дайындағанын есепке алуы керек.Аллаһтан дұға тілеу. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп бұйырған: «Шын мәнінде иман (біреулеріңіздің ішінде) киім секілді жасалады. Сол үшін Аллаһтан имандарыңды жаңартуын сұраңдар» Аллаһым, көркем есімдеріңмен, жоғары сипаттарыңмен жүректеріміздегі иманның жаңаруын Сенен

сұраймыз!Аллаһым, бізге иманды көркемдеп, оны жақсы көруге нәсіп ет!Бізге кәпірлік, пасықтық, бойсұнбауды жек көрінішті қылып, бізді салиқалылардан қыл!"Күш-қуаттың Раббысы, олардың сипаттағандарынан Раббың Пәк". Аллаһқа барлық мақтау-мадақтар, елшілерге сәлем болсын!

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ وَلْتَنظُرْ نَفْسٌ مَّا قَدَّمَتْ لِغَدٍۖ وَٱتَّقُواْ ٱللَّهَۚ إِنَّ ٱللَّهَ خَبِيرُۢ بِمَا تَعْمَلُونَ ١٨﴾ [الحشر: 18]

**«Әй, мүміндер! Аллаһтан қорқыңдар. Әркім ертең үшін не жібергеніне қарасын». (Хашр сүресі, 18 аят)**

Омар ибн Хаттаб (оған Аллаһ разы болсын) бұл турасында былай деді:

**«Есепке алынбай жатып, өздеріңе есеп беріңдер»**

Хасан: **«Нағыз мүмін өзіне есеп береді»**, - деген. Ал, Маймун ибн Маһран болса: **«Расында Аллаһтан қорқушы адам өзін есепке алуда сараң серіктесінен де қатаңырақ болады»**, - деген.

Ибн әл-Қайим (оған Аллаһтың рақымы болсын) былай деп ескертеді:

**«жанның өлімі – өзін есепке алуда немқұрайлы қарап, нәпсісіне ергеннен»**

Мұсылман арнайы бір уақытта жеке қалып, бүгін не істегенін, ертеңгі ақыретке не дайындағанын есепке алуы керек.

Аллаһтан дұға тілеу. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп бұйырған:

**«Шын мәнінде иман (біреулеріңіздің ішінде) киім секілді жасалады. Сол үшін Аллаһтан имандарыңды жаңартуын сұраңдар»**

Аллаһым, көркем есімдеріңмен, жоғары сипаттарыңмен жүректеріміздегі иманның жаңаруын Сенен сұраймыз!

Аллаһым, бізге иманды көркемдеп, оны жақсы көруге нәсіп ет!

Бізге кәпірлік, пасықтық, бойсұнбауды жек көріншті қылып, бізді салиқалылардан қыл!

"Күш-қуаттың Раббысы, олардың сипаттағандарынан Раббың Пәк". Аллаһқа барлық мақтау-мадақтар, елшілерге сәлем болсын!

# Индекс

Иман әлсіздігінің белгілері ........ 1

Кіріспе ........ 3

Біріншіден: Иман әлсіздігінің белгілері ........ 9

Күнәлі іс-әрекеттерді орындау және Аллаһ Тағаланың тыйым салған харам нәрселерін істеу. ........ 9

Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – жүректің қатайғаны мен қараюын сезу. ........ 10

Келесі көрінісі ғибадаттарды толық орындамау. ........ 10

Иман әліздігінің көріністерінің бірі – ғибадаттарды орындауда ерініпектік, жалқаулық танытып, бірте-бірте оларды орындамай қою. ........ 11

Мұндай кісілер өздерінің үстінде ауыр бір жүкті арқалап жүргендей сезінеді. ........ 13

Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – Құран аяттарынан әсерленбеу. ........ 14

Келесі бір көрінісі – Аллаһты еске алуда және Оған дұға-тілек жасауда немқұрайлылық ........ 14

Иман әлсіздігінің көріністерінің бірі – Аллаһтың тиым салған, харам етекендері жасалып жатқанда ашуланбау. ........ 15

Иман әлсіздігінің белгілерінің тағы бірі – көпшіліктің назарына ілігіп қалуды ұнату: ........ 17

Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – сараңдық және қызғаншақтық. ........ 20

Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – өзі істемейтін ісін «істеймін» деп айтуы. ........................................................... 21

Иман әлсіздігінің тағы бір көрінісі – іс-әрекеттеріне күнәға жату немесе жатпау тұрғысынан ғана қарау .......................... 22

Жақсылықтарды азсыну (кемсіну) және кішкентай жақсылықтарға көңіл бөлмеу. ............................................... 25

Пайғамбар, оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын,..... 28